



ЗЕРДЕ



ҰЛТТЫҢ РУХЫ
ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

6-7

Ә.НҮРШАЙЫҚОВ–100



ӘЗ-АҒАНЫҢ
ӘР СӨЗІ
ҚЫМБАТ ЕДІ...

13

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ...



«АЮЖАТҚАН»
АМАЛЫ БАСТАДЫ

28

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

15.12.2022

Түнде:



-8-10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-1+1 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

16.12.2022

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №148-149 (6284) 15 желтоқсан, бейсенбі, 2022 жыл.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТТІ ДЕ КИЕЛІ ҰҒЫМ



1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы жарияланды. Осылайша Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі заңнама тұрғысынан рәсімделді.

Құқықтық тұрғыда әлемнің саяси картасында дәл осы күні жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды. Осылайша тарихи әділеттік орнап, бабаларымыздың ұлы арманы орындалды. Бұған дейін декларация түрінде ғана болған мемлекеттік тәуелсіздік енді конституциялық негізге ие болды. Заңдағы 18 баптың біріншісі біздің елімізді ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілейтін және жүргізетін тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп жариялады. Ұлттың бостандық жолындағы табанды күресінің арқасында Қазақ елі тәуелсіздігін алды.

3

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

ТУҒАН ӨЛКЕМ – ҚАНДАЙ КӨРКЕМ!

Алматы әкімдігі 2GIS компаниясымен бірлесіп,
қаланың көрікті жерлерін картаға енгізді



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматының 2GIS картасы 1 желтоқсаннан бастап қаланың басты көрікті жерлері мен мәдениет ескерткіштерімен толықты. Картаға барлығы 71 негізгі құрылыс пен ғимарат енгізілген.

Енді сол кереметтерді қаланың әрбір тұрғыны мен қонағы 2GIS мобильді қосымшасы арқылы көре алады. Онда көрікті

жерлердің, археологиялық орындардың, сәулет ғимараттарының, монументалды өнер құрылыстарының, ансамбльдер мен кешендердің картаға түсірілген тізімі бар. Бұл қосымша пайдаланушыға көрікті жерлерді табуы жеңілдетеді және қолдануға өте ыңғайлы.

Ғимараттар мен көрікті орындарды көру үшін «Алматының көрікті жерлері» қосымшасын теру немесе арнайы сілтеме (<https://2gis.kz/almaty/search/>) бойынша кіру керек.

ҚЫСҚА...

- Президент Stadler Rail AG компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Петер Шпулерді қабылдады.
- Қазақстанда жолаушылар вагондарын жасау жөніндегі жоба қолға алынбақ.
- 2027 жылы республикалық және облыстық маңызы бар жолдар интернетке 100 пайыз қосылады.
- Елімізде балалардың жеке жинақ шоты ашылады.
- Қазақстанда еңбек нормаларының жаңа жүйесі енгізіледі.
- Мемлекетке қайтарылған жерлердің цифрлық картасы жасалады.
- Монополистер 26 компанияны мемлекет меншігіне береді.
- Қантар оқиғасы: мыңнан астам адамға рақымшылық жасалды.
- Елімізде ауыспалы абоненттік нөмірлер бұғатталады.
- 2023 жылы «Жылу энергетикасы туралы» заң қабылданады.
- Алматыда ақылы автотұрақтардың мемлекеттік бірыңғай операторы құрылды.
- «Мұқағали» көркем фильмі Шотландияда өткен халықаралық кинофестивальде бес бірдей жүлдені жеңіп алды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

Шухрад ШАРДИНОВ,
Алматы қаласы мәслихатының депутаты,
Amanat партиясы фракциясының мүшесі:

ЕЛДІКТІҢ БАСТЫ СИМВОЛЫ



Отанымыз Қазақстан
егемендік алған сәттен
бері дербес қалыптасып,
дамудың 31-жылына
құтты қадамын басты.

Қазіргі таңда мемлекетіміз өз дамуының тарихи маңызды кезеңін бастан кешіріп отыр. Биылғы жылы елімізде кешенді саяси-әлеуметтік, экономикалық реформалар жалғасын тапты.

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің мүддесін нығайтуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға, халықтың әлеуметтік жағ-

дайын жақсартуға, еліміздегі демократия принциптерін күшейтуге бағытталған Конституциялық реформаларды халыққа ұсынды. Бұл өзгерістер қатары кең қауыммен жан-жақты талқыланды. Осы басқосуларға қоғам қайраткерлері, Алматы мәслихатының депутаттары, заңгерлер, қаламыздың белсенді азаматтары қатысты. Нәтижесінде елдің мүддесін нығайтуға бағытталған Конституциялық реформалар жалпыхалықтық референдумға енгізіліп, отандастарымыздың кең қолдауына ие болды.

Осымен бірге биыл елімізде алғаш рет сайлау науқаны алдын ала жарияланып, 20 қарашада Президент сайлауы өтіп, халқымыз Әділетті Қазақстан үшін, кемел келешек үшін дауыс берді.

Тәуелсіздік – халқымыздың басты құндылығы, қасиетті бейтұмары және ертеңгі асыл күндерге деген берік негізі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қала жұртшылығымен кездесу барысында Алматының ел тарихында айрықша орын алатынын атап өтіп, біздің қаламызда Егемендік декларациясы мен Қазақстанның Тәуелсіздігі жарияланғанын мәлімдеді.

Құрметті ағайын, Тәуелсіздік күні құтты болсын! Қазақстан өркендеп, жайнай берсін!

НЫСАН



ЗАҢСЫЗ САЛЫНҒАН ТҰРҒЫН ҮЙ СҮРІДІ

Алматыдағы «Нұрлытау» шағынауданында салынып жатқан көпқабатты үй сот орындаушыларының қатысуымен сүрілді.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Ағымдағы жылдың наурыз айында Қала құрылысын бақылау басқармасы жүргізген жоспардан тыс тексеру нысанның заңсыз салынып жатқанын анықтады. Құқық бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым шығарылып, нысан иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Нұсқама мерзімінің өтуіне байланысты

заң бұзушылықтар жойылмай, осыған байланысты материалдар заңсыз тұрғызылған нысанды бұзу үшін Бостандық аудандық сотына жолданды. Аудандық сот нысанды бұзу туралы оң шешім шығарғанымен, нысан иесі оған кері шағымданған.

Сот отырысының қорытындысы бойынша Алматы қалалық соты Бостандық аудандық сотының шешімін өзгеріссіз қалдыру туралы шешім қабылдады.

МӘСЕЛЕ

КЕПТЕЛІСТЕН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ

Алматыда Сеул қалалық көлік басқару жүйесінің тәжірибесі енгізіледі

Жыл өткен сайын автокөліктер саны артып жатқаны белгілі. Бұл мәселе Алматыда да өзекті мәселеге айналып отыр.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Миллиондаған тұрғыны бар мегаполисте кептелістен құтылудың оңтайлы жолдары қарастырылған. Метро, үлкен даңғылдарда салынған көпірлер, жаяу жүргіншілер көпірі – осының барлығы бұл мәселенің ретімен шешілуіне жағдай жасап-ақ жатыр. Бірақ... сонда да Алматы көшелері көлік тығынынан көз ашар емес. Неге? Кептелістен құтылудың қандай жолы бар?

Жалпы, мамандардың пікірінше, көлік санының артуына, біріншіден, қалаға кейіннен қосылған елдімекендер, екіншіден, қала тұрғындарының қоғамдық көліктен гөрі жеке автокөлікті көбірек пайдалануы себеп. Сондықтан бұл мәселенің түйінін шешу үшін қалада қоғамдық көлік қызметін дамыту қажет дейді олар. Әлбетте, бұл әдісті көптеген жеке көлік иелері ұнатпауы мүмкін. Өйткені, бірде-бір қоғамдық көлік жайлы әрі ыңғайлы жеке көлікке жетпейді. Егер қоғамдық көліктер кесте бойынша қызмет етсе, көптеген жүргізушілер жолаушыларға айналатын еді. Ал мұндай жағдай кептелістің азаюына әсер етеді. Десек те, кептеліс атаулыдан құтылудың жолдары бар. Ол үшін шетелдік тәжірибелерге сүйенудің артықтығы жоқ.

ЖОБА

«ҚАЛДЫҚТЫ СҰРЫПТА – БІЗДЕ ӨЗГЕ ПЛАНЕТА ЖОҚ»

Алматыдағы жоғары оқу орындарында PlastNet пластик қалдықтарын жинау және қайта өңдеу кәсіпорындары желісінің бастамасымен «Қалдықтарды сұрыпта – бізде өзге планета жоқ» жобасы іске асырылып жатыр.



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Жоба пластикалық және басқа да қалдықтарды жинау және қайта өңдеу үлесін ұлғайтуға, сонымен бірге жастар арасында саналы экологиялық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған.

Жобаның бастамашылары қалдықтарды бөлек жинауға болатынын және мұның еш қиын емес екенін көрсетуге, сонымен бірге оны қалай дұрыс жасау керектігін нақты көрсетуге ниетті.

Үш ай бойы Алматы технологиялық университетінің, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің және Алматы энергетика және байланыс институтының оқу ғимараттарында пластик, қағаз қалдығы, сонымен бірге алюминий мен шыны қалдықтары бөлек жиналып жатыр.

ЖОО-лардың аумағында қайталама шикізат пен қайта өңделмейтін қалдықтарды бөлек жинауға арналған 258 мамандандырылған эко-бокс орнатылған. Үш айда жоғары оқу орындарында 1150 келі қайталама шикізат жиналды.



Жақында отандық телеарна-лардың бірінен Сеул мамандарының көлік кептелісін шешу мәселелеріне қатысты баяндаған сюжет көрсетілген болатын. Бұл Алматы шенеуніктерінің назарынан тыс қалмаса керек, Қазақстанның ірі мегаполисіндегі кептелістен құтылудың бірден-бір жолы болуы мүмкін деген үмітпен Оңтүстік Корея астанасының қала қозғалысын басқару тәжірибесін зерделеп көрген-ді.

– Алматы көшелеріндегі кептелістерді азайту бойынша біз «Ақылды бағдаршамдар» жүйесін жүруді жоспарлап отырмыз. Бүгінде 98 қиылыста асфальтқа, жол төсеміне көмілген датчиктер негізінде бағдаршамдарды басқару жүйесі жұмыс істейді. Қазіргі уақытта біз бейнекамераларды пайдалану арқылы, яғни жолдарды түсіруге көмектесетін автомобильдерді тану жүйесін енгізу секілді түрлі нұсқаларды қарастырып жатырмыз, – деді Алматы қаласы цифрландыру

басқармасы басшысының орынбасары Серік Байғанин.

Ал корей мамандары осы әдістер арқылы Алматы кептелісі мәселесін біржола шешуге болатынына сенімді.

– Егер қала тұрғындары жеке көліктің орнына қоғамдық көлікті тандаса, кептелістерді азайтуға мүмкіндік мол. Ол үшін біз Сеулде түрлі инновациялар енгіздік. Мәселен, кез келген автобуста, метрода, таксиде жүру ақысын бір картамен төлеуге болады. Телефон арқылы сіз бір немесе басқа автобус немесе метро пойызының қашан келетінін бақылай аласыз. Сондай-ақ, біз жеке көліктердің қала орталығындағы кейбір аудандарға кіруін шектедік, – дейді Сеул қалалық жобалар агенттігінің атқарушы директоры Ли Джон Хен. Оның айтуынша, егер Алматыда осындай саясат енгізілсе, автомобильдер санын азайтуға және кептелістерден құтылуға болады.



экологиялық білім берудің саналы тәсілі мен негіздерін ересек өмірдегі жауапты мінез-құлықтың негізі ретінде адамның жас кезінде қалыптастырған жөн», – деген пікірді ұстанады жобаны ұйымдастырушы пластмасса жинайтын және қайта өңдейтін PlastNet кәсіпорындар желісі.

АЭЖБУ ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Алмас Саухимов бөлек жинау идеясын ынтамен қабылдаған студенттер тарапынан жобаға мұндай қызығушылықты күтпегенін айтты.

Бағдарламаға қатысу ниетін Астана, Қарағанды жоғары оқу орындарының өкілдері білдірді, сонымен бірге Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде қалдықтарды бөлек жинау бойынша алғашқы қадамдар жасалған. Жобаны ұйымдастырушылар тек оқу орындарында ғана емес, жеке компаниялар да қалдықтарды бөлек жинау бойынша бастамаларды белсенді енгізіп жатыр.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТТІ ДЕ КИЕЛІ ҰҒЫМ

(Басы 1-бетте)

ҚАСТЕРЛІ ДЕ ҚАСИЕТТІ ИГІЛІК

Тәуелсіздік бұл ата-бабаларымыздың аңсар арманы болған, даналарымыздың үзіл-мес үмігі болған, Алаш ардақтыларының осы жолда жаны пидә болған қастерлі де қасиетті ұғым! Өз мемлекетіңнің тәуелсіздігін қастерлеу, өзің тұратын елдің егемендігін құрметтеу – тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен жауапкершілік. Тек азат адамдар мен тәуелсіз халықтар ғана дүниеде шынайы тыныштық орната алады. Мемлекеттер мен халықтардың өз еркі өзіндегі тәуелсіздігі – ешкім тіл тигізе алмас қасиетті ұғым. Бұл қазіргі адамзаттың ең басты мұраты, ең асыл игілігі. Ал біз үшін Мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат».

Тәуелсіздік күні тек ресми бекітілген мерекелік дата ғана болуға тиісті емес. Бұл күннің одан анағұрлым маңызы үлкен мазмұны бар. Ол тәуелсіздік жолындағы күрестің нүктесін қоюмен бірге, оның басталған күні де болды. Бүгін әр қазақстандық оны өзінің жеке тәуелсіздігі мен табысты күні есебінде мерекелей алады.

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАЗАҚСТАН

Әлем жаңа мемлекеттің қалыптасуына мұқият зер салды. Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы болып Түрік Республикасы мойындады. Оқиға Тәуелсіздік туралы Заңға қол қойылғаннан кейін көп ұзамай жүзеге асты және қазақстандықтар түркі ынтымағының мұндай көрінісін жоғары бағалады. Келесі 17 желтоқсан күні Қазақстанды Ресей Федерациясы, 25 желтоқсанда Америка Құрама Штаттары мойындады. 1992 жылдың 3 қаңтарында бұл ұлы державаларға – Қытай, ал жылдың соңына дейін тағы 102 мемлекет қосылды.

Бұл маңызды да тарихи құжатты дайындаушы жұмыс тобының төрағасы болып және оны парламентте жариялаған Жоғарғы Кеңестің депутаты, заңгер ғалым, қоғам қайраткері, академик Сұлтан Сартасев еді. Егер бір жыл бұрын Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларацияға 71 депутат қарсы дауыс берсе, Республиканың мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңға қарсы үш-ақ дауыс берілді. «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы» мен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңның» арасында дәйекті тікелей сабақтастық бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңды Парламент мінберінен жариялаған Сұлтан Сартасев бұл оқиғаны былайша ерекше сезіммен еске алады: «1991 жылы 16 желтоқсанда мемлекетіміздің тәуелсіздігін жариялау үшін мінберге көтеріліп бара жатқаныма еліміз үшін кеудемді мақтаныш кернеді. Мінберге толқып бардым, сөйтіп еліміздің тәуелсіздігін дүние жүзіне жарияладым. Құдай маған еліміздің тәуелсіздігін жариялау бақытын нәсіп етті. Сондай бақытқа ие болған жандардың бірі болғанымға тағдырыма өте ризамын. Сол күні мінберге көтеріліп, еліміздің тәуелсіздігі туралы баяндаманы жасап шықтым. Ел тәуелсіздігі кешкі 18 сағат 30 минутта жарияланды. 30 минуттан кейін бірінші болып Қазақ елінің тәуелсіздігін таныған Түркия мемлекеті болды. Осындайда түркі халықтарының ішінде ең бірінші тәуелсіз мемлекет болған Түркия мемлекеті екенін айта кетуіміз керек».

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ

Хронологиялық тұрғыдан Республиканың Жоғарғы Кеңесінің, яғни Парламентінің он екінші және он үшінші шақырылымдары қызметінің кезеңіне сәйкес келетін, 1990–1995 ж.ж. қамтыған алғашқы бес жыл Республика тағдыры үшін де, оның халқы үшін де тарихи маңызы бар оқиғаларға толы. Атап айтқанда: 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігін жариялау, одан кейін 1991 жылы 1 желтоқсанда Елдің Тұңғыш Президентін бүкілхалықтық сайлау, Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы деп атау туралы Заңды қабылдау және 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заңды жариялау, сондай-ақ 1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстан Республикасы-



ның алғашқы Конституциясын, ал 1995 жылы 30 тамызда жаңа, екінші Конституцияны қабылдау – Қазақстанның және ондағы мемлекет құрушы ұлт – қазақтардың тарихи тағдырындағы жаңа дәуірдің басталуының маңызды оқиғалары ретінде сипатталады. Мұның бәрі 1986 жылы Алматыда өткен қазақ жастарының бостандық үшін жаппай жанкешті Желтоқсан бас көтерулерінің жаңғырығы еді. Желтоқсанға қатысушыларға қарсы ұйымдастырылған қанды қырғын халықтың санасында сөнбей және арман алауы сияқты жалындап тұрған сәт. Тәуелсіздіктің жариялануы арқасында Тарих қазақ халқына ұлы, қайталанбас, мүмкін ұлт ретінде қайта туылуының, өз мемлекеттілігінің, тілі мен мәдениетінің болуы үшін жалғыз мүмкіндік берді. Тәуелсіз, демократиялық мемлекеттің дамуына деген үміт нұры жанды. Ұзақ уақыт бойы азап шеккен, мың өліп, мың тірілген халқымыздың өркениетке, еркін қоғамдардың, әлемдік қауымдастықтың қатарына енуіне нақты мүмкіндік туды.

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Бүгінгі күні Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз Мемлекет басшысының бастамасымен түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті. Жаңа Қазақстан. Әділетті қоғам. Халық үніне құлақ асатын мемлекет. Естуші мемлекет құрып жатырмыз. Жаңару мен жаңғыру жолы тандалды. Саяси реформалар түбегейлі өзгерістерге алып келуі керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бүгінгі таңда жиі көтеріп жүрген қағида-сы «Күшті Президент, ықпалды Парламент, есеп беруші Үкімет». Ал ел мұраты – татулық пен тыныштық. Кез келген мағыналы істің басында бірлік тұрады. Көп мақсатты иін тіресеіп, тізе қосып, бір жүрсе орындалады. Қолға алған, бастаған ауқымды да, іргелі істерімізге береке берсін дейміз. Бұдан да жақсы күндер әлі алдымызда.

Өрине, бұл игі істердің аяқастынан жүзеге аса қоюы мүмкін емес. Дүниеде не болса да бірте-бірте, аздап-аздап ілгері басары сөзсіз. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов айтқандай, «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса, халықтық мақсат сонда орындалады. Адам баласы қылып жүрген іс ой-ақыл болып басталады, сөз болып сөйленеді, із жазылады, ақыл сөз сонан соң барып іске айналады».

ЕЛ МЕН МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ – ЕҢБЕК АДАМЫ

Халқымыз «Еңбектің наны тәтті» деп тәмсілдейді. Білімнің дамуы, ғылымның

өрлеуі – бәрі-бәрі еңбек адамының қолымен жасалады. Бұл тақырыпты Мемлекет басшысы жиі көтеріп жүр. Жас кезіңізден бастап іс қылсаңыз, еңбек етсеңіз пайдасын көресіз. Қысқасы, «Еңбек – бақыттың атасы». Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі. Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетіледі. Кейбіреулер қол қусырып, қарап отырады. Жакындарына да, мемлекетке де масыл болады. Ал ісі жоқтың асы жоқ. Сонан соң оның өз басындағы жетіспеушілікке, кемшілікке, мақсат-мұратының жүзеге аспағанына билік кінәлі сияқты көрінеді. Босағада тұрып сынауға екінші бірі шебер, «ал өзін не істедін, өз үлесің қандай?» деген сұрақ қойғың келеді. «Ексең – орасын, берсең – аласың». Өрекет жасау қажет. «Өрекет түбі – берекет» деген. Қазір қиялдайтын заман емес, қимылдайтын заман. Жақсы күндер өз-өзімен келмейді, оларға сен өзің баруың керек. Жер жаннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бәрі өзімізде бар. Тек сол бар нәрсенің қадірін білу керек. Еліміздің келешегі бізге, барлығымыздың қажырлы еңбегімізге байланысты.

ПРЕЗИДЕНТТІ ҚОЛДАУ – МЕМЛЕКЕТТІ ҚОЛДАУ

Халық Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамалары мен реформаларына қолдау білдіріп, үлкен үміт күтіп отыр. Оның айқын көрінісі мен нәтижесі жақында ғана болып өткен еліміздегі Президент сайлауы. Президентті қолдау деген сөзді – мемлекетті қолдау деп түсінуіміз керек. Мемлекеттің бүтіндігі, ұлттың бірлігі барлығынан маңызды. Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай қорғап, бірлігіміз бен ынтымағымызды сақтайық. Тәуелсіздік – баға жетпес құндылық. Тәуелсіздік – қасиетті сөз, қастерлі де киелі ұғым. Тәуелсіздіктің Туын желбіретіп, жықпай, жоғары ұстау біздің қолымызда. Тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, оны көзіміздің қарашығындай қорғау – баршамыздың қасиетті борышымыз.



Сабырхан
СМАҒҰЛОВ,
эл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті
Қазақстан тарихы
кафедрасының
оқытушысы.

ПРЕЗИДЕНТ НЕ ДЕДІ?

МӘҢГІ ҰРАНЫМЫЗ БОЛУҒА ТИІС

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

«ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ БІЛІМНЕН ЕМЕС, МІНЕЗДЕН»

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек.

МАҚСАТ – ЖАСАМПАЗ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу.

АЗАМАТТАРҒА ҚАМҚОР БОЛУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ МІНДЕТІ

Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілеріміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ ДЕП СЕНЕМІН

Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін.

ШЫН ОТАНСҮЙГІШТІК ДЕГЕНІМІЗ – ЕЛІҢЕ, ХАЛҚЫҢА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету.

БӨТЕН ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ЖЕТЕГІМЕН ЖҮРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Шынына келсек, Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін көп томдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі оқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқылықтар осындай іргелі еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Түптеп келгенде, тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түіні – осы. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту қажет. Сонымен қатар, иетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуы ұсынамын. Бұл – қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы. Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадыын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

(Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты
мақаласынан).



ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

5000 ДАНА АҒАШ
ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Алматыда көгалдандыру бойынша жоспарланған шаралар аясында ағаш отырғызу жұмыстары жалғасуда.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы қала тұрғындарының өміріне қолайлы жағдай туғызу үшін жаяу жүргіншілер аймағын және көпкәтерлі тұрғын үйлерге іргелес аумақтарды абаттандыру бойынша жұмыстарды жүйелі атқарып келеді. Қоршаған ортаны қорғау, таза ұстау, абаттандыру,

көгалдандыру ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын басқарма мамандары Алатау ауданына қарасты Рысқұлов даңғылы, «Нұркент» шағынауданы, Атлетикалық ауыл және «Алматы Арена» маңына 5000 дана ағаш отырғызды. Осы тұста басқарма қызметкерлерінің атсалысуымен қараша айында Үлкен Алматы каналының бойына 2000 қараған отырғызғанын айта кеткен жөн.

Қаламызды көркейтуге, жасыл желекке айналдыруға бағытталған әрбір сауапты іс алдағы көктемде жемісін беріп, нәтижесінде айналамыз жасыл желекке бөленеді деген сенімдеміз.

ПАРКОМАТ

АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚТАР
штаттық режимде жұмыс істеп тұр

Алматыда ақылы автотұрақтардың мемлекеттік бірыңғай операторы құрылып, кәсіпорын директоры тағайындалды. Бұл туралы Қалалық мобильділік басқармасы мәлім етті.

Ведомство мәліметінше, көлік тұрақтары одан әрі күтіп ұстау үшін арнайы бағдарлама әзірлеу жұмыстары басталды. Оған дейін автотұрақтарды басқарған компаниялар өз қызметін жалғастыратын болады. Қазір автотұрақтар штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Әдеттегідей, төлемдер тексеріліп, айыппұлдар салынады.

«2022 жылдың 6 желтоқсанындағы жағдай бойынша компаниялардың есепшотында 596 млн теңге бар. Бұл сома күн сайын толықтырылып отырады және серіктестік басшыларына қатысты сот ісі аяқталғаннан кейін құрылған мемлекеттік кәсіпорынның есепшотына аударылады», – деп атап өтті Алматы қалалық мобильділік басқармасынан.

Естеріңізге сала кетейік, Алматының ақылы автотұрақтары алты жыл бойы екі жеке компанияның бақылауында болды. Алайда, олардың басшылары қаржы жымқырды деген айыппен бүгінде қамауда отыр. Енді ақылы тұрақтар толығымен Алматы әкімдігінің меншігіне өтеді. Қазір бірыңғай оператор ашылып, өткізуге қатысты процесі жүріп жатыр.



Бүгінде әлеуметтік желілерде паркінгке төлемесе де болады деген ақпарат желдей есіп жүргені белгілі. Бұл мәселені әкімдік өкілдерінен сұрағанымызда, олар қазіргі таңда паркоматтардың штатты режимде жұмыс істеп тұрғанын жеткізді. Айтуларына, төленген ақша бұғатталған есепшотқа түседі. Сот процесі аяқталған соң шот ашылады. Ақылы тұрақтан түскен ақшаны алдағы уақытта көпқабатты тұрақтар, жаяу жүргіншілер жолы, көше инфрақұрылымын дамытуға жұмсайды. Ал қала ішіндегі жүктемені азайту үшін әртараптанған тариф енгізу зерттеліп жатыр. 2030 жылға дейін 18 мың тұрақ орынға дейін кеңейту көзделуде.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда ақылы автотұрақ жүйесі алғаш рет 2016 жылы енгізілген.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?



Мақсаты – қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін «Сергек» бейнебақылау камераларын шаһар көшелерінен жиі кездестіруге болады. Ал сіз «Сергек» камераларының қандай ереже бұзу деректерін тіркейтінін білесіз бе?

«СЕРГЕК» КАМЕРАЛАРЫ ҚАНДАЙ ЕРЕЖЕ БҰЗУ
ДЕРЕКТЕРІН ТІРКЕЙДІ?

Біріміз білсек, екіншіміз мән бермей жүрген шығармыз, қазір бейнебақылау камералары тек қана жолда жүйткіген көліктердің ереже сақтауын қадағалап қоймайды. Сондай-ақ, олар адам көп жиналатын қоғамдық орындар мен аулаларға да орнатылған. Егер де сіз кішкентай ғана қоқысты лақтырып жіберсеңіз, бейнебақылау камерасына түсесіз. Ол камераларды қадағалап, байқап отырған тәртіп сақшылары сізге байланысты бірден шара қолданады.

Бүгінде қаладағы жолдарда 5 мыңнан аса фото және бейнебақылау камералары бар. Алматы Полиция департаменті қызметкерлерінің мәліметінше, 2022 жылдың қаңтары мен қазаны аралығында «Сергек» апаратық-бағдарламалық кешендерімен ҚР Жол

ЭКОЛОГИЯ

АЛМАТЫНЫҢ ЕКІНШІ
ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ
2026 ЖЫЛЫ ТОЛЫҚ ГАЗҒА КӨШІРІЛЕДІ

Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Мәжіліс депутаттарының сауалына берген жауабында айтты.

«Бүгінгі таңда Еуропалық қайта құру және даму банкінің ережелерімен ЕРС-мердігерді таңдау бойынша халықаралық екі сатылы ашық тендер жарияланды. Оның қорытындысында бу-газ қондырғысын салуда әлемдік тәжірибесі бар мердігер ұйым іріктеп алынады. ЕРС-келісім-шарт жасау 2023 жылдың ақпанына

болжанады. Ал ЖЭО-2-ні газға толық көшіру 2026 жылдың желтоқсанында аяқталады. Аталған жоба Үкімет бекіткен Жол картасы аясында жүзеге асырылып жатыр және Алматы қаласында көмірден жылу және электр энергиясын өндіруді тоқтатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қаланың қоршаған ортасына шығарындыларды айтарлықтай қысқартады», – деп атап өтті Үкімет басшысы жауабында.

Премьер-Министрдің дерегінше, жобаның жүзеге асырылуына «Самұрық-Энерго» АҚ жауапты. Мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес, жоба құны 324 млрд теңгені құрайды.

ТАРИФ

ГАЗ БАҒАСЫ
ҚЫМБАТТАМАЙДЫ
оның қолданыстағы шекті бағасы
6 айға ұзартылмақ

Ағымдағы жылдың қаңтар айында Қазақстанда сұйытылған газдың шекті бағасы белгіленген болатын. Жақында бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі 2023 жылдың шілдесіне дейін осы тарифті сақтау туралы бұйрық шығарды. Құжатқа сәйкес, сұйытылған газдың шекті бағасы Алматы үшін 65 теңге және өңірлер үшін 50-ден 75 теңгеге дейін деп белгіленген.

Өңірлердегі бағаға жеке тоқталсақ, солтүстіктегі шалғай аудандарда баға 75 теңгеден, батыстағы мұнай мен газға бай аудандарда 50 теңгеден бекітілген.

Тариф 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін күшінде болған. Енді оны тағы 6 айға ұзарту ұсынылып отыр. Құжат 12 желтоқсанға дейін көпшілік талқылауында болады.



Бүгінде сұйытылған газдың қолданыстағы шекті бағасын 2023 жылдың шілдесіне дейін қалдыруды көздейтін бұйрық жобасы талқылануда.

Құжат қабылданса жанар-жағармай стансаларындағы сұйытылған газдың бағасын реттеу тетігі 2023 жылдың 30 маусымына дейін ұзармақ.

КЕРЕК ДЕРЕК

- 2022 жылы Алматыда 766 «Сергек» камерасы орнатылған, сонымен қатар 5034 фото және бейнебақылау камерасы жұмыс істейді.
- Ағымдағы жылдың соңғы 10 айында «Сергек» 939 029 жол жүру ережесін бұзу фактісін тіркеді.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



КЕҢЕС

МЕГАПОЛИС ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР

Мегполисте Алматы қаласы әкімдігі жанындағы ҰЕҰ-мен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Іс-шараға қаланың мемлекеттік құрылымдарының және үкіметтік емес сектордың өкілдері, сарапшылар және т.б. қатысты. Жиын барысында ҰЕҰ мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мегполисті дамытудағы азаматтық сектордың маңызды ролін талқылады.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының у.м.а Айдар Есенбеков азаматтық сектормен өзара іс-қимылды нығайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндама жасады. Сондай-ақ, қоғамдық маңызы бар және әлеуметтік жобаларды бірлесіп жүзеге асыру туралы қалалық білім, мәдениет, спорт, туризм, қоғамдық денсаулық, әлеуметтік әл-ауқат, дін істері, кәсіпкерлік және инвестициялар, креативті индустрия және жасыл экономика басқармаларының басшылары да өз ойларын ортаға салды.



Суретті түсірген Самат СЕРКЕБАЙҰЛЫ.

«Өздеріңіз білесіздер, Алматы қаласының әкімдігі қоғамдық кеңес мүшелерімен тығыз байланыс орнатып келеді. Бүгінгі күні ҰЕҰ-дың арқасында біраз шаруа қолға алынып, өз кезегінде халыққа пайдасын тигізуде. Алдағы уақытта да қала тұрғындарына, мемлекеттік қызметкерлерге өз кезегінде пайдасын тигізер шаруалар атқарамыз деген сенімдемін», – дейді Қоғамдық даму басқармасы басшысының у.м.а Айдар Есенбеков.

Кездесуге қатысушылар көтерілген мәселелерді шешу бойынша пікір және ұсыныстар алмасты. Осы ретте айта кететіні, кеңестің мақсаты қаланың үкіметтік емес ұйымдарын дамытуға жәрдемдесу және үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру болып табылады.

«2022 жылы басқарма мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 7 жобаны іске асырды. Өз кезегінде, осы жобаларды іске

асыру үшін Алматы қаласының 4 үкіметтік емес ұйымы жұмысқа тартылды. Айта кету керек, бұл жобалар қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. 2023 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі жобалар саны 10 жобаға ұлғайтылатын болады. Жалпы, ҰЕҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі басқарманың жұмысы тұрақты жүзеге асырылады және жалғастырылатын болады», – дейді Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Нұрлан Қықымов.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда бүгінгі күні 3223 ҰЕҰ тіркелген, бұл республика бойынша жалпы санның 18%-ын құрайды (Қазақстан Республикасы бойынша 19 мыңнан астам).

Оның ішінде қоғамдық қорлар – 1519, қоғамдық ұйымдар – 1274, жеке қорлар – 336, ЗТБ – 94.

Қазіргі уақытта Алматыда белсенді жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың саны 400-ге жуық.

Кеңес құрамына 30% мемлекеттік органдардың өкілдері және 70% үкіметтік емес сектор кіреді.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАСТАРҒА БАҒДАР

Қалада «CAREER TIME» фестивалі өтті

Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасы қала жастарына арналған «CAREER TIME» кәсіби бағдар беру фестивалін өткізді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Шараның мақсаты – қоғамдық тенденция мен сұраныстарды ескере отырып, жастардың мамандық таңдау, мансап құруда жеке әлеуетін қалыптастыру.

Бағдарламада кәсіпкерлердің, соның ішінде Қуаныш Шонбай, Әсел Машанова, коуч-кәсіптік бағдар беруші Альмира Тұрсын, сондай-ақ әртүрлі облыстардан келген мамандардың мотивациялық бағыт-бағдар беруі, компания қызметкерлерінен, жетекші HR-мамандардан, психологтан, конфликтологтан шеберлік сыныптары қарастырылған. Қаланың жоғары оқу орындары күні бойы өтетін көрмеде білім беру бағдарламаларын ұсынып, білім алудың мүмкіндіктері туралы айтып берді.

«Заманауи жас азаматтарға талапқа сай бейімделіп, трендтерді бақылап, жаңа мамандықты игеруге дайын болуы керек. Бұл өзекті әрі сұраныстағы білімге сүйене отырып, өзінің өмір жолын саналы түрде таңдау керектігін көрсетеді», – деп атап өтті ұйымдастырушылар.

Әзиз ОРАЛБЕКҰЛЫ, Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры:

– Фестиваль мектепте оқитын жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттеріне арналған. Өзінің кәсібін тандай отырып, жұмыс табудың қыр-сырын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бірнеше кезеңнен тұрады. Алматыдағы 36 жоғары оқу орнының жәрмеңкесінде жастар өзінің бағытына сәйкес оқу орны туралы толық ақпарат алды. Одан бөлек, 70 адамға арналған залда нақты бағдар бойынша шеберлік сабақтары өтті. Ол жерде болашақ жұмысында жетістікке жету үшін кеңестер айтылды. Спикер түйіндемені қалай жазу керектігін түсіндірді. Іс-шара «Алаш» жастар бірлестігі қоғамдық қорының ұйымдастыруымен, Алматы қаласы әкімдігінің Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өтті.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫЛЫҚ КОМПАНИЯЛАР «ІСКЕР» АТАНДЫ

«Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» байқауының салтанатты рәсімі аясында «Іскер» сыйлығының иегерлері де марапаттарын алып марқайып жатыр.

Бұл туралы бізге «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының өкілдері хабарлады. Биыл «Іскерді» 10 компания иеленді. Олардың ішінде 2-еуі алматылық компания – «Med365» ЖШС (жасанды интел-

лект көмегімен медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесін енгізу) және «Ланчжоу Компани» ЖШС (мейрамханалар желісі және тез тамақтану өнімдері).

Еске салайық, отандық өндіруші «Med365» ЖШС «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік байқау-көрмесінде «Өндірістік мақсаттағы үздік тауар» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Ол елімізде құрылғылар әзірлеуші және жалғыз отандық өндіруші санатында тұр. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар ұлттық орта-

лығы қондырғыны ерекше мұқият тексерді. Қызмет басталғаннан бері еліміздің ірі өндірістік нысандарында жүздеген аппараттар орнатылып, сыналды. «MED365» жобасы – медициналық қызмет көрсету саласында инновациялық технологияларды енгізудің жарқын мысалы.

Ал «Ланчжоу Компани» ЖШС-нің миссиясы – бірегей рецепт бойынша дайындалған кеспе деген сүйіспеншілік арқылы әлемді біріктіру және әлемге Қазақстанды таныстыру. Компания төрт жыл ішінде 36 нүктеге дейін өскен.

Нұр ЖАМАЛ.

БРИФИНГ

«ӘУЕДЕ ДЕ АДАМ ӨМІРІ ҮШІН КҮРЕСЕМІЗ»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Жедел медицина ұлттық үйлестіру орталығының» басқарма төрағасы Арман Баянбаев Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте жедел авиациялық көмек, дәлірек айтқанда, медициналық авиация, жағдайы ауыр науқастарды эвакуациялау және ұшу географиясы жайлы айтып берді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Атап өтейік, медициналық авиация дегеніміз – бұл әуе көлігі арқылы халыққа шұғыл түрде жедел медициналық көмек көрсету. Республикалық деңгейде аталған көмек ел тұрғындарына 2011 жылдың сәуірінен бастап көрсетіле бастады. Жыл сайын бұл қызметке еліміздің үш мыңнан астам азаматы зәру.

Арман Баянбаев ҚР азаматтарына медициналық авиация түрінде шұғыл медициналық көмек көрсету тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында жүзеге асырылатынын атап өтті.

Біздің елімізде медициналық авиация жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: бұл науқастар тасымалдауға жарамсыз, ауыр халде болса, аймақтық дәрігерлердің қажетті техникасы немесе біліктілігі

болмаса, мамандардың консультация жүргізу немесе операция жасау үшін оқиға орнына ұшып келуі; мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін науқастарды өңірлерден облысқа, облыстан республикалық орталыққа тасымалдау, онда оларға жоғары технологиялық көмек көрсетіледі; донорлық органдар мен биометариалды тасымалдау; қашықтан көрсетілетін медициналық қызметтер.

«Бүгінде медициналық авиация республика бойынша орта есеппен тәулігіне 3-тен 15-ке дейін рейстер жасайды. Рейстердің ең көп үлесі жарақаттану, оның ішінде жол-көлік оқиғалары салдарынан болған, сондай-ақ балалар арасындағы патология жағдайларында, қан айналымы жүйесі аурулары, жаңа туған нәрестелердің патологиясы, акушерлік және гинекологиялық, хирургиялық, терапевтік патологиялар және басқа да аурулар кезінде медициналық көмек көрсету

мақсатында жүзеге асырылады», – деді брифинг спикері.

Елдің үлкен аумағын ескере отырып, орталық жұмыс істеген жылдар ішінде жедел медициналық мамандандырылған көмек көрсетудің арқасында, соның ішінде, жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету, мамандарды жету қиын аймақтарға жеткізу, науқастарды, сондай-ақ кейіннен трансплантациялау үшін донорлық органдарды тасымалдау көмегімен мыңдаған адамның өмірін сақтап қалды. Халыққа жедел медициналық көмек көрсету қажеттілігі жыл сайын артып келеді.

Қазіргі уақытта медициналық авиацияның 33 әуе кемесі бар, яғни 20 ұшақ және 13 тікұшақ пайдаланылады. Барлық пайдаланылатын әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитетінің сертифицираты бар.

Осы қызметтің негізі қаланғаннан бері (2011 жылдан бастап) 2022 жылдың қазан айына дейінгі барлық қызмет кезеңінде медициналық авиация саласында орындалған ұшулар саны 22 665 рейсті құраған. Ал донорлық ағзаларды алу және тасымалдау үшін 78 рейс жасалған. Шетелде ауыр халде жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастарды еліміздің емханаларына жеткізу мақсатында әлемнің 25 еліне 107 шетелдік рейс жасалды.



● ПРЕЗИДЕНТ НЕ ДЕДІ?

АЗАМАТТЫҚ ЕРЛІК
ЛАЙЫҚТЫ БАҒАСЫН
АЛУЫ КЕРЕК

1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек.

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ
АЗАТТЫҚҚА ДЕГЕН
ҰМТЫЛЫСЫ
АЙҚЫН КӨРІНДІ

Ел ағалары және зиялылар ұлттың санасын сақтау үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Елдің рухын көтеретін астарлы көркем шығармалар жарық көрді. Ұлтымыздың азаттыққа деген ұмтылысы Желтоқсан оқиғасы кезінде айқын көрінді.

БҰЛ – ТАРИХИ
ӘДІЛДІКТІҢ ОРНАУЫ

Кешегі желтоқсан қаһармандары біз үшін Тәуелсіздікті біртабан жақындатқаны анық. Асқар тау алыстаған сайын асқақ көрінеді. Біздің бабаларымыз қазақтың дербес мемлекет құрып, еркін өмір сүруге құқылы екенін тарих алдында дәлелдеді. Осылайша мыңжылдықтар тоғысатын тұста азаттық Туы көгімізде желбіреді. Ұлттың ең ұлы мұраты – Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сол сәттен бастап Қазақ елінің ұлы көші болашаққа бет түзеді. Халқымыз өз мемлекетін құруға кірісті. Бұл – тарихи әділдіктің орнауы.

МЕМЛЕКЕТТІЛІК
ТАРИХЫМЫЗҒА МӘНГІ
ЖАЗЫЛДЫ

1986 жылғы наразылық шеруі халқымыздың бостандыққа ұмтылысын көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының өшпес ерлігі біздің мемлекеттілік тарихымызға мәңгі жазылды.

(Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты
мақаласынан).

ӨСЕР ЕЛДІҢ ҚАЙ СӘТТЕ ДЕ БІРЛІК БОЛМАҚ ҚАЛАУЫ,
ЛАУЛА, ЛАУЛА, ЖЕЛТОҚСАННЫҢ МҰЗҒА ЖАҚҚАН АЛАУЫ

● 17 ЖЕЛТОҚСАН – ҚР ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖАҢАРУ КҮНІ

ҰЛТТЫҢ РУХЫ

Биыл дүниені дүр сілкіндірген әлемге әйгілі Желтоқсан оқиғасына 36 жыл толып отыр. Қоғамда қазақ жастарының бұл бас көтеруі «оқиға ма, әлде көтеріліс пе?» деген заңды сауал жиі туындайтыны белгілі. Ең алдымен айтарымыз, Отанымыздың кез келген көзі ашық азаматы бұл оқиғаның түпкі астары ұлт болашағымен тығыз байланысты екенін білуге тиісті.

Қандай ұлт пен ұлыс болмасын өзінің елі мен жері үшін ғасырлар бойы күресіп келгені рас. Оның ішінде қазақ елі де өзінің бостандығы жолында 400-ге тарта ірілі-ұсақты көтерілістерді басынан өткерді. Белгілі тарихшы-ғалым Мәмбет Қойгелді Желтоқсанды осы көтерілістердің шарықтау шегі ретінде сипаттайды. Расында да бұл ғасырлар бойы жинақталған, ұлттық санасын намысы жетелеген жаңа әрі қайсар буынның іс-әрекеті, олардың тәуелсіздік пен еркіндік жолындағы күресі деуімізге әбден болады.

Олай дейтініміз, 1980 жылдардың орта тұсынан бастап, Кеңестер Одағында ұлт саясатында, әлеуметтік-экономикалық және кадр мәселелерінде көптеген ауытқушылықтарға жол берілді. Қоғамда сөз бен істің арасында алшақтық пен қайшылықтар, принципсіздіктер мен тұрақсыздықтар орын алды. Маман-кадрлар мәселесін шешу тікелей Мәскеудің араласуымен және таңдауымен жүзеге асырылды. Бұл жағдай компартиялық жүйенің барлық

деңгейінде көрініс тапты. Интернационализм идеясын дәріптеп, ұлттық мәселелер толығымен шешілді деп ұран салған Кеңес үкіметі ондаған жылдар бойы одақ құрамындағы республикалардың еркін дамуына, ұлттардың өзін-өзі басқаруына мүмкіндік бермеді. Мұндай келеңсіздіктер КСРО құрамында «ұлттар лабораториясы» атанған Қазақстанда 1986 жылдың желтоқсанында Одақ көлемінде тұңғыш рет Орталықтың шешіміне жастардың жаппай қарсылық көрсетуіне әкеліп соқтырғаны белгілі.

Желтоқсан оқиғасының қарсаңында-ақ жергілікті халықтың негізі бөлігі ауылды жерлерде тұрғандықтан, әрі оның басым көпшілігінің тұрмыс деңгейі төмен болғандықтан елімізде түрлі наразылықтар орын ала бастады. Ұлт болмысы мен болашағы болып табылатын тіл мен тарих көлеңкеде қала берді. Міне, қоғамда қордаланып қалған осындай мәселелер 1986 жылғы желтоқсанда жігерлі жастардың санасын ояттып, намысын қайрады.



17 желтоқсан күні Брежнев алаңында шыққан жастар Г.В.Колбиннің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалуына, 16 миллионнан астам халықтың азаматтық құқығының аяққа тапталуына, орталықтың өрескел өктемдігі мен озбыр саясатына қарсы шықты. Сол кезеңдегі Қазақ КСР Конституциясының 98-бабындағы: «халық мүддесіне сәйкес және социалистік құры-

Ескерткіш 2006 жылы Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына орай ашылған бұл монумент Алматы қаласындағы Желтоқсан мен Сәтбаев көшелерінің қиылысында орналасқан. Монумент тәуелсіздік үшін, ұлт тағдыры мен болашағы үшін жанын қиған қазақ жастарына арналады. Ескерткіштегі оң қолына желбіреген орамал, сол қолына символдық құс ұстап алға ұмсынған әйел бейнесі халықты бірлік пен ынтымаққа шақырудың белгісі іспетті.

«ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ»
МОНУМЕНТІ

Мұхтар ШАХАНОВ

ЖЕЛТОҚСАН
ТАҒЫЛЫМЫ

Желтоқсанда
шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда
егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,
Айналайын, жас қайратым, жас өркені халқымның!

Арманыңның атын,
Жігеріңнің отын
Өшіре алмас асау желі уақыттың.
Егер кім қаниша
Уайымсыз болса,
Нақ сол адам құнын білмес бақыттың.

Темір қолдар қуатты еді алқымыңды қаусырған,
Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.
Жалғыз қалған шақтарыңда жігер алдым бойыма,
Түрме торын жарып шыққан сенің қайсар даусыңнан.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашан да еңкеюге тиісті емес жалауы!



ӨЗДЕРІҢДЕЙ ӨР НАМЫСТЫ ЖАС ӨРКЕНІ БАР ЕЛДІҢ ЕШҚАШАН ДА ЕҢКЕЮГЕ ТИІСТІ ЕМЕС ЖАЛАУЫ!

ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

лысты нығайтып, дамыту мақсатында Қазақ КСР азаматының сөз, баспасөз бостандығына жиналыстар өткізу, көше шерулері мен демонстрация бостандығына құқы бар» екендігі туралы жазба мүлде естен шығарылды. Осылайша республика жұртшылығына есімі белгілі емес партия қызметкерінің, басқа ұлт өкілінің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына тағайындалуы, Одақ тарапынан жергілікті халықтың пікірінің ескерілмеуі жастар наразылығының басты себебіне айналды.

Бізғарлы желтоқсанда орын алған бұл наразылық республикада ұзақ уақыт қордаланған барлық әлеуметтік-экономикалық, саяси, экологиялық зардаптармен қатар, ұлт саясатындағы ұзақ жылдар бойы үсті-үстіне жинақталып, шешімін таппай келген мәселелер мен тоталитарлық жүйенің ұлт саясатын өзгертуде қабілетсіздік танытуынан туындаған ірі оқиға еді.

1986 жылы 17-18 желтоқсан күні Алматыдағы оқиғалар жөніндегі хабар жетісімен әлем жұртшылығы елең етіп, бар назарын Қазақстанға аударды. Түркияның «Тержуман», «Жунайдин» іспетті беделді газеттері мен «Түрік Дүниасы Араштирмалары», «Яни Форум», «Нокта», «Янки», «Әзербайжан» және «Бати Тракия» іспетті маңызды басылымдары да мақалалар жа-

риялап, қазақ жастарына қолдау білдірді. Яғни қазақ халқының 1986 жылғы желтоқсанда әлемдік қоғамдық пікірге де үлкен қозғау салды, деп айта аламыз. Мәселен, Нью-Йорк Таймс газетінің 1986 жылғы 30 желтоқсандағы санында Александр Беннигсен өз пікірін білдіріп, бұл көтерілістің тарихи себептерінің тереңде және ұзақ тарихи оқиғалармен астасып жатқандығын көрсетті. Желтоқсан оқиғасы КСРО құрамындағы көптеген республикаларда демократиялық процестердің дамуына алғышарт жасап, олардың егемендікке ұмтылуына жол ашты. Алматыдағы оқиғадан кейін ереуілдер Бакуде, Вильнюсте, Ферганада, Тбилисиде жалғасты...

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тек орталықтың шешіміне ғана емес, әміршіл-әкімшіл жүйеге, ұлтаралық теңсіздікке, ауыр әлеуметтік тұрмысқа қарсы бағытталған қазақ ұлтының саяси бас көтеруі болды. Осы оқиғаға тура 5 жыл толғанда Қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялады.

Жалпы, Желтоқсан оқиғасы халық кеудесіндегі тәуелсіздікке деген ынтызарлық шоғынан тұтанғанын әрдайым еске алып жүру – баршамыздың азаматтық парызымыз. Бұл – біз үшін Демократиялық жанару, жаңғыру күні. Қастерлі күн. «Желтоқсан» – XX ғасырдың ұлы оқиғаларының бірі, Тәуелсіздігіміздің бастауы болғанын естен шығармауымыз керек.

Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы дүниежүзілік тарихтан да өз орнын алары сөзсіз. Ол соңғы жарты ғасыр ішінде Кеңестік жүйеге қарсы жаппай бағытталған алғашқы қозғалыс ретінде тарихта қалды. Сонымен бірге, бүгінгі Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі мен егемендігінің алғашқы хабаршысы, ұлттық отансүйгіштік пен патриоттық ерліктің жарқын көрінісі болды. Ол кешегі КСРО құрамындағы барша одақтас республикалардың жаңа қадамдарына жол ашып, әрқайсысының жеке мемлекет ретінде өмір сүруге қабілетті екендігін айқындап берді.

Сол себепті де, саясаттанушылар мен тарихшылар қауымы жастардың ұзақ уақыт бойы қордаланған ашу мен бұлқынысы ұзақ уақытқа созылған ұлт-азаттық көтерілістердің заңды жалғасы екендігін айғақтап отыр. Олай болса, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы ұлт болмысы мен болашағын қалыптастырудағы ірі оқиға, сол тұстағы қазақ жастарының көзсіз ерлігі, ұлттық рухымыздың жанданған күні ретінде тарихи маңызға ие. Ал сол көтеріліске қатысқан аға-апаларымыздың қайсарлығы мен ерлігі халық жадынан мәңгі орын алып, жас ұрпақ санасына сіңірілуі керек.

Г.Е.ӘБІКЕНОВА,
тарих ғылымының кандидаты.

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Желтоқсан оқиғасы – 1986 жылы 17-18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға. Оған Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облысы партия комитетінің 1-хатшысы Г.В.Колбинді ҚКОК-нің 1-хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды.

Желтоқсан оқиғасына КОКП ОК-нің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, оған қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. КСРО-ның тоталитарлық, отаршыл саясатына қарсы қазақ жастарының азаттық күресі тарихи маңызы бар үлкен оқиға болды.

Желтоқсан оқиғасы қоғамның саяси өмірін демократияландыруға серпін берді.

17 желтоқсан күні таңертеңгі сағат 8-де қаладағы сол кездегі Л.И.Брежнев атындағы алаңға (қазіргі Республика алаңы) саяси тәуелсіздікті талап еткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкісін қатысушылар саны 20 мыңға жетті. Бірақ алаңға шыққан халықтың қойған талап-тілектері аяқасты етіліп, «бұзақыларды» күшпен тарату мақсатында алаңға құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен арнайы әскери күштер тобы жеткізілді.

КСРО ПМ-нің бұйрығы негізінде дайындалған «Құйып–86» операциясы бойынша халық толқуы қатыгездікпен басып жаншылды.

18 желтоқсан күні алаңға қайта жиналмақ болған жастарға қарсы әскер күші қолданылды. Оларды ығыстыру үшін жедел отряд, милиция мен жасақшылардан арнайы топтар құрылып, қала көшелеріне аттандырылды. Осы әскери күштер 19 желтоқсан күні қаланың әр тұсында қайтадан шеруге шықпақ болған 6 топты ұстап, таратты.

Алаңдағы халық таратылған соң Ішкі істер бөлімдеріне 2401 адам жеткізілген (Алматы түрмесіне сыймағандықтан, қала сыртына апарып тасталғандарды қосып есептегенде барлығы 8,5 мың адам ұсталған).

Желтоқсан оқиғасы құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар.

Желтоқсанның 19–23 аралығында халықтың наразылық шерулері мен митингілер Қазақстанның Жезқазған, Талдықорған, Көкшетау, Қарағанды, Арқалық, Павлодар, Жамбыл, Талғар, Сарқан, т.б. қалалары мен Сарыөзек, Шамалған, Шелек елдімекендерінде жалғасты.

(Дереккөз: Уикипедия – ашық энциклопедиясы).

● БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

1986 жылдың 17-18 желтоқсанда бұрынғы Қазақ КСР астанасы – Алматыда Кеңестік коммунистік биліктің шешіміне қарсы жаппай наразылықтар мен халық шерулері түрінде болған қазақ жастарының бас көтеруі Желтоқсан оқиғасы деген атпен белгілі.



ТӨРТЕУДІҢ СОТЫ

Кезінде Кеңес Одағының басқыншылық саясатын, Қазақ елінің батыр ұлдарын күллі әлемге әйгілеген мына суреттің авторы сол кездегі Қазақ телеграф агенттігінің фототілшісі Юрий Беккер. Бұл сурет 1987 жылдың маусым айында өткен сот отырысынан түсірілген. Дәл осы бір өр намысты төрт жігіттің суреті үшін ҚазТАГ директоры мен фото авторының өзі, сондай-ақ, фотосуретті жариялаған Алматы облыстық «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің бас редакторлары Г.Колбиннің жеке бұйрығымен жұмыстан алынды, негізсіз қудаланды.

Бұл – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында үкіметке қарсы қарулы көтеріліс жасап, жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастырды, ұлтаралық алауыздықтарды қоздырды, адам өлтірді деген нақақ жала жабылған төртеудің соты. Сот залында (солдан оңға қарай): Түгелбай Тәшенов, Жамбыл Тайжұмаев, Қайрат Рысқұлбеков, Қайыргелді Күземабаев. Төртеуі де әділетсіз заманның жандайшаптарына қарсы қаймықпай қасқайып қарап тұр. Сол жолы олар Қазақ КСР кылмыстық кодексінің 60, 65, 88, 200-баптары бо-

йынша жауапқа тартылған болатын. Кейіннен мойнына нақақтан ілінген қылмыстары өтірік екені дәлелденген Қайрат Рысқұлбеков толықтай ақталып, оған Халық Қаһарманы атағы берілгені белгілі. Түгелбай Тәшенов, Жамбыл Тайжұмаев, Қайыргелді Күземабаевтарға 14-15 жылдан жаза кесілді. Кейіннен олар да ақталды.

Осы арада әлем елдерінен нақақтан өлім жазасына кесілген Қайрат Рысқұлбековке араша түсіп мәлімдеме жасаған жеке тұлғалар мен ұйымдардың көп болғанын айта кеткен жөн. Мәселен, АП акпарат агенттігінің 1987 жылғы 20 шілдеде Австрия астанасы Венадан хабарлағанындай, өлім жазасына кесілген қазақ түркі жастарына байланысты Мажарстанда мәлімдеме жарияланған. Бұл мәлімдемеге Венгрияның белгілі жазушылары Георгий Конрад, Ласло Раик, Габор Демский, Янош Кыц және Гаспар Миклош Тамаш және тағы 41 адам қол қойған. Олар Кеңестер Одағының Жоғарғы кеңесінің төрағасы Андрей Громыкодан өлім жазасына кесілген қазақ Қайрат Рысқұлбековке кешірім жасауын талап еткен. Хат Бу-

дапештегі Кеңес елшілігіне жіберілген. Сол сияқты 1987 жылғы маусым айында Польшадағы «Бостандық және бейбітшілік үшін күрес» ұйымы Варшавадағы Кеңес одағы елшілігі арқылы М.Горбачевке хат жолдаған. Ұйымның басшысы Ясек Чапутович «Қазақ студентінің өлім жазасына кесілуі дұрыс емес, үкім өзгертілсін» деп талап қойған. Америка президенті Рональд Рейган 1987 жылы шілде айындағы өз мәлімдемесінде көтеріліске шыққан қазақ жастарының құқығы бұзылғаны туралы ерекше атап өткен. Ал Нью-Йорк қаласындағы Фридом Хаус ұйымы 1987 жылы тамыз айында Кеңес одағы коммунистік партиясының бас хатшысы М.Горбачевке және бас прокурор А.Рекунковқа телеграмма жолдап, Қ.Рысқұлбековтің өлім жазасына кесілгенінің дұрыс емес екендігін айтқан. Сонымен қатар, Чехословакиядан да, Германиядан да осы тақылеттес мәлімдемелер мен үндеулер Кеңес Одағының өкілдіктеріне жіберілген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Фотосуреттер мен деректер ашық интернет көздерінен алынды).



ЖЕЛТОҚСАН ЖАҒЫРЫҒЫ

Біз бүгінгі тұғыры биік Тәуелсіздігімізге қазақтың жалынды жастарының қанымен, жанымен, олардың елім, жерім деген сүйіспеншілікке толы жұдырықтай жүректерінің қалауымен жеттік. Сол кездегі қылышынан қан тамып тұрған идеологиядан да именбестен, бұқпастан, айбыны асып тұрған Кремль төрінде «Желтоқсан оқиғасы» жайлы ащы шындықты жайып салған белгілі ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Шахановтың сөзін ұсынып отырмыз.

«ХАЛЫҚҚА ТАҒЫЛҒАН АУЫР АЙЫП...»



Жоғары съезд, мен республикада қалыптасқан өткір жағдайды ескере отырып, әлеуметтік алауыздықтың тағы да өршуіне жол бермеу үшін Қазақ КСР-інің 19 халық депутатының атынан келесі мәлімдемені жасағым келеді.

Съезде Грузиядағы оқиғалар туралы мәселе көтерілгеннен кейін Қазақстан депутаттар тобы өз

сайлаушыларынан көптеген ұжымдық хаттар мен жеделхаттар ала бастады. Жариялылық пен ашықтық кезеңі келгеніне қарамастан, 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы туралы мәселені съезде көтермейтінімізге олардың көңілі толмайды. Елімізде алғаш рет бейбіт шерушілерге қарсы сапер күректер, әскери иттер қолданылды. Қыздарды дубинкамен ұрып, керзі етікпен тепті. Мұның бәрі митингі туралы жалпыға белгілі жарлық шықпай тұрып істелді. Демонстранттар арасында құрбан болғандардың саны әлі де көпшіліктен жасырылып отыр. Толық емес мәліметтер бойынша, 2 мыңға жуық адам қамауға алынды. Олардың көпшілігі ұзақ мерзімге сотталды. Мыңдаған адам оқу орындарынан шығарылып, жұмыстан қуылды. Саяси дайындығы жоқ жүздеген жас жігіттер мен қыздардың өмірінің мәңгілікке құл-паршасы шықты.

Көрнекті халықаралық қайраткер жолдас Колбин бастаған республиканың партиялық ұйымы жағдайды реттеу үшін көп жұмыс атқарғанын айта кетпеске болмас. Дегенмен, Алматыдағы сарбаздар мен ішкі әскердің заңсыз әрекеттері туралы шындық әлі күнге дейін құпия күйінде сақталып келеді. Сол себепті, әртүрлі қауесеттер тарап, халықтар достығына кірбің түсіріп, кейбір кезде араздыққа алып келуі мүмкін. Осыған байланысты біз Алматыдағы «Желтоқсан оқиғалары» туралы шындықты анықтау үшін түрлі өңірлер мен ұлттардың атынан өкілдік ететін халық депутаттарынан комиссия құруды сұраймыз.

Жоғарыда аталған жайттардан кейін, Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерді интернационалдық және патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысы туралы ОҚКҚҚ қаулысы шықты. Бұл қаулыда болған оқиғалар қазақ ұлтшылдығының көрінісі деп көрсетілген. 5 мың адамды, 10 мың адамды, 100 мың адамды ұлтшыл деуге болар, бірақ бүкіл қазақ халқын ұлтшыл деп кінәлауға болмайды ғой. Қазақ ұлтшылдығы деген сөз – бүкіл қазақ халқына тағылған айып. Біз халыққа тағылған ауыр әрі лайықсыз айыпты алып тастап, әділеттілікті қалпына келтіруді сұраймыз.

Қазақ халқы өз тарихында халықтар достығына адал екенін бірнеше рет дәлелдеді. Жақында ұлтаралық мәселелер бойынша КСС ОК пленумы өтпек. Көптеген халық депутаттары жиына қатысуға мүдделі болса да, бұл форумға қатыса алмайды. Өйткені, олар Орталық комитеттің мүшелері емес. Сондықтан қазақстандық депутаттар тобы пленумға дейін съезде одақтас автономиялық республикалардың, автономиялық облыстардың, ұлттық округтердің және шағын ұлттардың мемлекеттік тіл мәртебесі туралы Жарлықты қабылдауды ұсынады. Сондай-ақ, өз елінде әлі күнге дейін жетімнің күйін кешіп отырған кеңестік түріктер мен Қырым татарларының ушыққан мәселесін шешуді ұсынады.

Төралқаға сайлаушылардың, оның ішінде республиканың белгілі жазушылары, ғалымдары мен жастары қол қойған хатты тапсыруға рұқсат етіңіздер.

1989 жыл, Мәскеу, Кремль.

АДАМДАР. ЖЫЛДАР. ТАҒДЫРЛАР

**Жансая СӘБИТОВА,
желтоқсаншы:**

ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІКТІҢ ОҚИҒАСЫ

Желтоқсан айы басталғанда ұлттық рухтың, елдік пен ерліктің оқиғасы еске түседі. Ресми деректерде Желтоқсан оқиғасына 30 мыңнан аса қазақ жастары қатысып, құқық қорғау органдары барлығы 8515 адамды ұстап, 99 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Солардың ішінде алматылық Жансая СӘБИТОВА да бар еді. Желтоқсандық қаһарман сол жылдардағы оқиғаны баяндап берді.



ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАПА ШЕККЕН

«Арада қанша жыл өтсе де, сол кезде алған жүрек жарасы әлі жазылған жоқ. Қызым психологиялық соққы алды. Қазірдің өзінде сол кезді еске алғысы келмейді.

Ол тұста №19 жұмысшы жастардың кешкі мектебінде физикадан сабақ беретін кезім. Алаңға жастардың жиналғанын, қаладағы оқиғаны желтоқсанның 17-сі күні кеште естідім. Алаңға 18-і күні күндіз бардым. Алаңда өртенген көліктер, дүкендер кирап жатты. Көше толған қоқыс болды.

Жездем ауруханада ем алып жатқан. 18-і күні жездеме барам деп бірнеше күн бұрын жоспарлап қойған едім. Сол күні №17 автобуспен «Саяхат» автовокзалының маңайында кетіп бара жатып, оншақты көлікке мінген әскери адамдарды көрдім. Одан бұрын автобуска отырғанымда жүргізушінің қасындағы моторда 2 жігіт отырды. Біреуі екіншісіне үлкендеу пышақ көрсетіп: «Міне, қара, керек болар деп салып алдым» деп айтып жатты. Бейнебір, соғыс басталып кеткендей болды. Автобуста отырып көзіме жас келді. Алаңдағы жастарды, өзім де ана болғандықтан, өрімдей жап-жас студент жастардың аналарын ойладым. 17-сі күні ресми ақпаратты күттік. Ол кезде барлық ақпаратты радиодан хабарлап тұратын. Елде не болып жатқанын хабарлайтын ресми ақпаратты күткен сол бір күн мың жылға татыды. Ешкімнің сөзіне ермей, тек ресми ақпаратты ғана естіп алып, сосын шешім қабылдаймыз деп ресми ақпаратты күттік. Ресми хабар 18-і күні кешке ғана болды. Сағат 8-де Алматыдан, кешкі 10-да Мәскеу хабарлады. Сонда берген ақпараттары: «Өңшең маскүнем, нашақор жастар алаңға шығып, тәртіп бұзды. Ұлтшыл болды» деген хабар таратты. Оның бәрі өтірік ақпарат болды. Ол кезде біздің жастар наша дегеннің не екенін білмейтін де еді.

Қыстың қақаған аязында суық су шашты. Адам төзгісіз қатыгездікке жол берді. Ешкімді аямады. 20-сы күні тағы шықтым. Студент жиенімнің жатақханасына бардым. Сол күні оның анасы, яғни әпкем Алматыға келу керек еді. Қалада байланысты үзіп тастаған. Бүгін келе ме, келсе, қаланы білмейді. Адасып кетер деп уайымдап, баласына «автовокзалға барып, шешенді күтіп ал» деп айтуға барған едім. Сөмкемде түнде дайындаған плакат-парақшаларым бар. Дайындаған үнпарақтармен қалалық партия комитетіне барайын деп ойладым. Ондағылар қателік тек жастардың алаңға шыққанында ғана емес, жоғарғы жақтағыларда да бар екенін білсін дедім. Алайда, оны қай жерге ілу керек екенін білмедім. Мен бұл туралы күйеуіме тіс жарғаным жоқ. Оған алаңға баратынымды ғана айтқанмын. Ол үзілді-кесілді қарсы болды.



Жансая Сәбитова 1986 жылы желтоқсанның ызғарлы күндерінде алаңға шығып, солдаттар ұрып-соққан қазақ балаларына араша түскен. 18 желтоқсан күні түнімен қазақ жастарын ұрып-соққан жүгенсіздікті тоқтату мақсатында үлкенді-кішілі парақшалар мен үнпарақтар әзірлеген. 19-20 желтоқсан күндері қағаздарын қалаға алып шығады. 20 желтоқсан күні көшеде Жансая Сәбитованы құқық қорғау органдары ұстап алып кетеді. Артынша сот үкімімен 5 жылға сотталып кете барды. Жоғарғы сот жалпы режимдегі колонияда жазасын өтеуге, сондай-ақ кейіннен 5 жыл бойы мұғалімдік қызметпен айналысу құқығынан айыруға үкім етті.

1987 жылдың қаңтар айында Жансая Сәбитованы «ұлтаралық араздықты өршітіп, қоғамға қарсы іс-әрекет жасап, азаматтық жауапсыздық танытқаны» үшін жауапқа тартылған сот үкімі шыққан.

Жатақханадан шыға бергенім сол еді, 2-3 милиция мені ұстап алып, көлікке отырғызды. Үнпарақтарды қалай таратуды да білген жоқпын. Таныстарыма, әріптестеріме және құрбыларыма парақшаларымды алып, алаңға барып, жастарға араша түсейік деп айтқанмын. Онымен біреуі де алаңға баруға ыңғай танытпады. Милиция қызметкерлері сөмкемнен парақшаларды тауып алғаны болмаса, ешқандай үгіт-насихат жүргізуге үлгерген де жоқпын.

Тергеу 3 күнге созылды. Маған бас прокуратураның көлік прокурорын тергеуші етіп жіберді. 1987 жылы қаңтардың 5-і күні сот үкімі шықты. Ең бірінші болып мен сотталдым. 2 жыл 2 ай Алматыға жақын Жауғашты деген жердегі колонияда отырдым.

Сөйтіп, мен «1986 жылы 17 желтоқсан мен 20 желтоқсан аралығында Алматыдағы Брежнев атындағы алаңда болған жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушы, арандатушы және белсенді қатысушы» болып шықтым. Тәртіпсіздікті одан әрі жалғастыру үшін жиенім оқитын, мені ұстап алып кеткен Алматы құрылыс техникумының жатақханасы алдында парақшалар таратты» деп кінә тақты.

Үш ай бойы менің өлі не тірі екенімді жақындарым біле алмаған. Бұл кезде көрмеген қорлығым жоқ. Алматы облысы, Іле ауданындағы әйелдер түрмесіндегі, КГБ-ның түрмесіндегі, Қарағанды колония азапты күндерді дұшпаным да тілемеймін. Ақыры, әділдік орнап, 1989 жылы 2 ақпанда мерзімінен бұрын түрмеден босатылып шықтым. 1994 жылы ақталдым.

Желтоқсан оқиғасына ресми баға берілуі керек. Бұл жалғыз менің ғана пікірім емес. Академик Манаш Қозыбаев бұл туралы «Желтоқсан 1986» деген кітапшасында ғылыми түрде дәлелдеп кеткен. Ол кезде тәртіп сақшыларының өздері қару қолданды. Әділдік сұрап, алаңға шыққан жастарды ұрып-соқты. Неше түрлі қатыгездікке барды. Адам аяған жоқ. Бұл оқиғаға ұлттық сипат берген де өздері болды.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЖАСЫЛ АЛМАТЫ



Айнұр
СЕНБАЕВА

Бүгінде Тәуелсіздікке жетуімізге жол ашқан Желтоқсан оқиғасы тарихымыздан ойып тұрып өз орнын алды. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан кешегі өрімдей қыз-жігіттер бүгінде 60-ты алқымдаған ел ағалары мен ақ жаулықты апалар.

Ел тағдыры сынға түскен кезде қайсарлық танытып, қаны мен жанын киюға әзір болған қазақтың ұл-қыздары қандай құрметке де лайық. Алматы әкімдігі осыдан екі жыл бұрын Желтоқсан қаһармандарына арнап, Түркісіб ауданы, «Жас қанат» шағынауданында «Желтоқсан саябағын» ашқан еді. Күні кеше саябаққа арнайы барып, бүгінгі жағдайын көзімізбен көріп қайттық.

Қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан саябақтың ауданы 100 гектар. Осыдан екі жыл бұрын коронавирус індетіне қарамастан саябақ салудың алғашқы кезеңі басталған еді. Қазір саябақ ішінде 8 балалар алаңы және 7 спорттық алаң бар. Сол кезде саябақтың ашылу салтанатына қатысқан зиялы қауым өкілдері мен желтоқсаншылар болашақта бұл бақтың ішінде үлкен бір мешіт соғылып, қаза болған батыр ұл-қыздарымыз-

«ЖЕЛТОҚСАН САЯБАҒЫ» жайқалып келеді



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙНОВ.

ға құран бағышталып, еске алып отыратын діни орын болса деген тілек-ойларын да айтқан еді. Сондай-ақ, болашақта осы саябақта ызғарлы желтоқсанда қаза болған ба-

тыр ұл-қыздарының құрметіне үлкен монумент қойылатыны жайлы да бастама көтерілген. Осы жұмыстардың қашан жүзеге асатыны жайлы белгілі желтоқсаншы, қоғам

белсендісі Гүлбахрам Жүністен сұрап көрген едік.

– «Желтоқсаншылар саябағы» күннен-күнге құлпырып келеді. Саябаққа келушілердің қарасы едәуір артты. «Желтоқсаншылар саябағын» ашудағы әу бастағы мақсатымыз да болашақ ұрпаққа асыл мұра болып қалатын құнды дүние жасау еді ғой. Сол мақсатымызға жеттік. Жыл сайын желтоқсанда 1986 жылы алаңға шыққан қыз-жігіттер, жастар, аға буын саябақта жиналады. Сол бір жаныңды оттай қаритын азалы күндерді еске алады, жастарға естеліктерін айтады. Саябақ аумағында Желтоқсан көтерілісіне арналған үлкен мұражайдың және монументтің орны белгіленген. 2023–2026 жылдар аралығында мұражай ашылып, монумент те бой көтереді. Қазір осы бағытта жұмыстар атқарылып жатыр, – дейді Гүлбахрам Есмұратқызы.

Қазір «Желтоқсан саябағында» тазалық сақталып, жасыл желектерді күту үшін сенбіліктер жиі ұйымдастырылып тұрады. Бүгінде саябақта Желтоқсан қаһармандарының өз қолдарымен отырғызған ағаштары мен шыршалары жайқалып өсіп келеді. Бейнебір қазақтың болашағы көктеп келе жатқандай. Ал Желтоқсан батырларының әрқайсысының ерлігін бүгінгі және келер ұрпақ мақтан тұтады. Намысын жатқа қолдан бермеген, шовинистік саясаттың құрбаны болған кешегі қазақ жастарының батырлығы әлі талай ұлықталады. Көзі ашық, көкірегі ояу болашақ ұрпақ бәрін ой таразысына салып, өз бағаларын береді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Alataý Aqparat» ЖШС «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттерінде, Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында, әлеуметтік желілердегі аккаунттарында 2023 жылғы 14 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кезекті сайлау бойынша кандидаттарға баспа алаңын ұсынудың жалпы шарттары:

«Alataý Aqparat» ЖШС – «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттерінде (бұдан әрі – газет), сондай-ақ Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарының иесі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы Жарлығымен тағайындалған 2023 жылғы 14 қаңтардағы сайлауға қатысатын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды (бұдан әрі – кандидат) сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастыру үшін газеттің газет алаңын беру ақысының мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы хабардар етеді.

Сайлау алдындағы үгіт Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен бастап, 2022 жылғы 24 желтоқсан сағат 18.00-ден басталады және 2023 жылғы 13 қаңтар сағат 00.00-ге дейін жалғасады. Сайлау алдындағы үгіт дауыс беру күніне дейінгі үнсіздік күніне дейін, яғни 2023 жылғы 12 қаңтарды қоса алғанда, газеттің таралымға шығуының соңғы күнімен аяқталады.

Газет иесі мен кандидат арасында немесе кандидаттың уәкілетті өкілімен жасалған жазбаша шарт негізінде газет алаңын ұсынады, сондай-ақ, материалдарды сайттарға орналастырады. Кандидаттар немесе олардың уәкілетті өкілдері үгіт материалдарының бекітілген мәтіндерін жариялау жоспарланған күннен кемінде 3 күн бұрын ұсынады.

Газетте баспа алаңын ұсыну үгіт мақалалары мен модульдерін қазақ және орыс тілдерінде орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің газет иесі басшысының атына жазбаша өтініші газет алаңын беру туралы шарт жасасу үшін негіз болып саналады.

Үгіт материалдарын газетке орналастырудың саны мен болжамды күні кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта тіркеледі.

Өтініш кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезектілік тәртібімен әрбір жазбаша өтінішке өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін беру арқылы тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) шарт жасасу үшін адамның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Кандидаттардың үгіт материалдарын газетке орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгіленеді.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте үгіт материалының сұрау салынатын орны бұрын жүгінген басқа кандидатқа берілген немесе техникалық мүмкіндіктері бойынша берілмесе, газет кандидатқа үгіт материалдарын орналастыру үшін өзге орын ұсынады.

Үгіт материалдары газетке газеттің шығарылуының болжамды күнінен 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын мынадай

форматта беріледі: қағаз тасығыш, кез келген USB флэш-дискісі.

Үгіт материалдарында олардың төленгені, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы ақпарат болуға тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін жауапты.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген шарттар мен тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ тиісті шарттың талаптары бұзылған жағдайда газетте үгіт материалдарын жариялау жүргізілмейді не бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Газет иесі үгіт материалдарын, егер оларда республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа итермелеу, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары болса, жариялаудан бас тартады.

Газет иесі Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда үгіт материалдарын жариялаудан бас тартуға құқылы. Кандидат газет иесінің талабы бойынша жоғарыда аталған сипаттағы материалдардағы ақпаратты растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген газет алаңын беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Үгіт материалдарын газетке орналастыру құны «Almaty aqshamy» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – қазақ тілі
Формат – А3
Жиілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі)
Таралымы апта сайын – 18663 дана:
сейсенбі – 5625 дана.
бейсенбі – 7413 дана.
сенбі – 5625 дана.
Таралу аумағы – Алматы қаласы.

* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді қара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 1000 (бір мың) теңге;

* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайндағы мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 2000 (екі мың) теңге;

* мақаланы сайтта орналастыру 1 (бір) белгі үшін 50 (елу) теңге.

Газеттің бірінші және соңғы беттерінде үгіт материалдары орналастырылмайды.

«Вечерний Алматы» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – орыс
Формат – А3
Жиілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі)
Таралымы апта сайын – 38738 дана:
Сейсенбі – 11104 дана
Бейсенбі – 16530 дана
Сенбі – 11104 дана.
Таралу аумағы – Алматы қаласы.

* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді қара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 1000 (бір мың) теңге;

* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайндағы мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 2000 (екі мың) теңге;

* мақаланы сайтта орналастыру 1 (бір) белгі үшін 50 (елу) теңге.

Бірінші және соңғы беттерде үгіт материалдары орналастырылмайды.

Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында, әлеуметтік желілердегі аккаунттарда материалдарды орналастыру құны

1. Баннер 750x562 басты беттегі сырғытпада – 24 сағат ішінде 15 000 теңге;
2. Басты беттегі 1140x141 баннер (слайддерден төмен) – 24 сағат ішінде 25 000 теңге;
3. Оң жақ бағандағы басты беттегі баннер 1280x1280 пиксель – 24 сағат ішінде 20 000 теңге;
4. Instagram-дағы хабарлама – 30 000 теңге;
5. Telegram-дағы пост – 30 000 теңге;
6. Facebook-тегі хабарлама – 30 000 теңге.

Баннерді орналастыру үшін қабылданатын техникалық талаптар

Орналастыруға дайын баннерлер GIF, JPEG, PNG форматында қабылданады;
Баннердің мөлшері 150 Кб-тан аспайды;
Анимациялық GIF баннері секундына 5 кадрдан аспайтын жылдамдықпен ойнатылуы керек;
Баннердегі кескіндер сапалы және түсінікті болуы керек, түсінікті мәтінмен, бұлыңғыр немесе майланған кескіндерді қолдануға болмайды;
Жыпылықтау, жыпылықтайтын фон және басқа тітіркендіргіш әсерлерді қолдануға тыйым салынады.

Әлеуметтік желілерде орналастыруға қойылатын техникалық талаптар

Instagram жазбаларына қойылатын талаптар:

Фотосурет өлшемі – 1350*1080 px (4:5), есептік жазбаның басты бетінде қараған кезде өлшемі – 1080*1080. 10 бірлікке дейінгі фото;
Қолтаңбаның максималды ұзындығы – бос орындары бар 2200 таңба;
Бейне (Reels): Reels – те бейнені 1 минутқа дейін жүктеуге болады, ұсынылған ажыратымдылық – 1080 × 1920 px (9:16), MP4/MOV форматы. Маңызды – таспадағы релестер кесілген түрде көрсетіледі: 1920 пиксель 1350 пиксельге дейін кесіледі, ал жалпы шот арнасы 1080*1080 құрайды.

Telegram арнасы мен Facebook-тегі жазбаларға қойылатын талаптар:

Сурет форматы – JPEG, PNG;
2 суретке дейін рұқсат етіледі;
Бос орындары бар 1024 таңбаға дейін;
Сурет ені – 1280px кем емес;
Бейне форматы – MP4, MOV, GIF, өлшемі 20 Мб дейін;
Сипаттамаға хэштегті, сыртқы сілтемені қосуға немесе Telegram арнасының ішіндегі кез келген арнаны, чатты немесе пайдаланушыны атап өтуге болады.

Үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған шарт бойынша төлем шот берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде газет меншік иесі қойған төлем шоты негізінде жүзеге асырылады.

Жазбаша өтініштерді газет иесі 2022 жылғы 24 желтоқсанда, сағат 9.00-ден 2023 жылғы 12 қаңтарда сағат 13.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 каб. мекенжайы бойынша сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды.

Факсимильді және интернет байланысы арқылы жазбаша өтініштер қабылданбайды.

«ALATAÝ AQPARAT» ЖШС.



КАТАР – 2022

МЕССИ БАСТАҒАН АРГЕНТИНА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНА АЛА МА?

Бір айға созылған футболдан Әлем чемпионаты аяқталуға жақын. Финалға шыққан екі команда да белгілі. Аргентина жартылай финалда Хорватияны жеңсе, кеше түнде газет беті қатталып қойғанда Франция мен Марокко ақтық айқасқа шыққан екінші команданы анықтады.



«Арбаған мені бір сиқыр» деп аладоп жайлы кезінде аңыз абыз Сейдахмет Бердіқұлов әдемі айтып кеткен. Расымен де, қызығатындар да, футболдың иісі мүлдем мұрнына бармайтындар да бір ай бойы Катардағы әрбір ойынды мұлт жібермеуге тырысты. Жарғақ құлақтары жастыққа тимеген жанкүйерлердің әрбір әңгімесі әлем чемпионаты туралы. Талқылайтындары Мессидің ойыны, Неймардың шаш үлгісі, Роналдудың көз жасы... тағысын-тағы кете береді. Әлеуметтік желіні де Катардағы аламан жаулап алған. Басында 64 ойын өте көп сияқты көрінген еді, соңына қарай сағынатын да болды. Ширек финал мен жартылай финал арасындағы үш күн үш айдай сезіліп, уақыт жылжымай қойды. Иә, расымен де футбол сиқырына қалай арбалғанымызды өзіміз де түсінбей далмыз.

Қош, алғаш болып финалға Аргентина шықты. Бұған дейінгі ойындарын да көрдік қой. Мундиальді өте сәтсіз бастаған. Күтпеген жерден арабтардан жеңілді. Бәлкім, бар күшін салмаған да шығар, топтан тосылмай шыққанымен плей-офф кезеңінде Аустралияны әзер жеңді. Одан кейін Нидерланд жігіттерін 2:0 есебімен жеңіп тұрып, таразы басын теңестіруге жол беріп қойды да, пенальти сериясын тебісті. Сондықтан Хорватияға қарсы ойын қиын болады деп топшылағанбыз. Бір жағынан балқандар да осал емес. Осыдан төрт жыл бұрын Златко Далич шәкірттері финалға дейін жеткен. Құрама біраз қартайғанымен іргетасы сақталып қалды ғой, іріктеу кезеңінен де іркілмей өтті. Биыл да дүниежүзілік біріншілікті өз мәнерінде өткізді. Қорғанысы мықты құрама. Бірақ бұған дейінгі бес ойында бар болғаны үш гол жіберген хорваттар бір матчтың өзінде қақпасынан үш доп алып шығады деп ойламаған едік.

Лионель Мессидің фанаттары расымен бақытты ғой.

Өз биігінен түспегеніне 20 жылға жуықтаған Лео әлі күнге бабында. Өзгелер сияқты 90 минут бойы қара терге түспейді. Кезіндегі Шумахердің «Феррариі» секілді, керек қиылысына жеткенде жылдамдықты қоса салады да, матч тағдырын шешіп кетеді. Әріптесі Хулиан Альвареске берген пасын сан мәрте айналдырып қарай беруге болады. Қазақ комментаторлар айтпақшы, қарға бойлы болса да, қарағайдай биік хорват қорғаушыларын бұйым құрлы көрмей алдап өтті. Қазір еншісінде 5 гол. Мундиальдің үздік сұмергені атануға барлық мүмкіндігі жетеді.

Дегенмен, Хорватияға қарсы ойында Мессиден бөлек тағы бір үздік болды. Англияның «Манчестер Сити» командасында жарытып ойнай алмай жүрген Хулиан Альварес Әлем чемпионатында көсіліп жүр. Әккі әріптесі Лаутаро Мартинестің өзін қосалқы құрамға отырғызып тастады. Жартылай финалда пенальтиді әперген де осы – Альварес. Өзі тағы екі гол соқты. Біріншісі тіптен әдемі. Сүйікті арық болса да, қарсыластары сүліктей жабысып алса да, қорғаушылардың бәрін таптап өтті.

Сонымен, Аргентина финалда. Ал жанкүйерлер Лионель Мессиді марқұм Марадомен салыстырып жүр. Армандоның ұлы да Әлем чемпионатының финалына екі рет шыққан екен. Біреуінде чемпион болған. Месси бастаған команда 2014 жылы финалда немістерден жеңілді. Енді екінші, бәлкім Лео үшін соңғы мүмкіндік. Бас кубокты басынан асыра ала ма?

Ал Хорватия қола жүлдеге таласады. Златко Далич шәкірттері үшін бұл да үлкен жетістік. Үшінші орын үшін ойын 17 желтоқсанда өтсе, финал желтоқсанның 18-іне жоспарланған. Енді екі түн, одан кейін ұйқымыз бір-ақ қанады.

Колумбия астанасы Боготада өтіп жатқан ауыр атлетикадан Әлем чемпионатында Қазақстан қоржынына екінші медаль түсті. Ерлер арасында 96 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Нұрғиса Әділетұлы қос сайыс нәтижесінде күміспен күптелді.

ЕЛ ҚОРЖЫНЫНА ЕКІНШІ МЕДАЛЬ ТҮСТІ

Әлем чемпионатының жұлқа көтеру бағдарламасында Әділетұлы 174 келіні ырқына көндірді. Ал серпе көтеру жаттығуында 209 келіні бағындырды. Осылайша қос бағдарламаның қорытындысы бойынша 383 келіні еңсерген жерлесіміз жалпы есепте екінші орынға тұрақтады.

Бұл салмақта бахрейндік Лесман Паредеске тең келер ешкім болған жоқ. Қос бағдарламада да үздік болған Паредес 397 келімен (185+212) әлем чемпионы атанды. Ал біріншілік қожайыны колумбиялық Джор Морене 380 келімен (171+209) қолаға қол жеткізді. Айта кетейік, осы салмақта тағы бір қазақстандық бақ сынаған. Алайда, «В» тобында өнер көрсеткен Әлішер Сейітказы 351 келімен (160+191) жалпы есепте 11-ші сатыдан көрінді.



Бұл Қазақстан қоржынына түскен Боготадағы екінші медаль. Естеріңізде болса, осыған дейін ерлер арасында Алексей Чуркин 73 келіде қола жүлде иегері атанған. Әлем чемпионатына қатысып жатқан талағайларымыздан кеше де медаль күткенбіз. Зілтемір сахнасына 102 келі салмақ дәрежесінде Артем Антропов шықты. Әлеуеті мықты атлет. Алайда, жұлқа көтеруде жолы болмай, бар болғаны 163 келімен шектелді. Есесіне, екінші бағдарламада 222 келілік «теміртасты» басынан бір-ақ асырып, басты бәсекелестерінен 5 келіге артық көтерген ол кіші алтынды жеңіп алды. Ал қос жаттығудың қорытындысы бойынша, Артем 385 келімен бар болғаны 6-орын иеленді. Бұл салмақта бахрейндік Фарес Ибрахим 391 (174+217) әлем чемпионы атанды.

ШОРТ-ТРЕК

АЛМАТЫДА ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

Алматыда шорт-тректен Әлем кубогының үшінші кезеңі өтті. Қазақстандық спортшылар бұл жолы да ел қоржынына бір медаль салды.

500 метрге жүгіруден ерлер арасындағы бәсекеде Денис Никиша күміс медаль иеленді. Ол аталған қашықтықты 40.998 секундта жүгіріп өткен. Алтын медальді Оңтүстік Корея өкілі Ким Тай Сунг (40.898 секунд) иеленсе, отандасы Джанг Сун Вонг (41.392 секунд) қола жүлдеге қол жеткізді.

Осы жарыстан соң Денис Никиша 500 метрге жүгіруден әлемдік рейтингте көш бастады. Қазақстандық шорт-трекшінің еншісінде 224 ұпай бар.

Айта кетейік, биыл шорт-тректен Әлем кубогының алғашқы кезеңі қазанның соңында Канаданың Монреаль қаласында өткен. Одан кейін екінші кезеңді 4-6 қарашада АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласы қабылдады. Ал Алматыда ұйымдастырылған үшінші кезеңге 30 мемлекеттен 250-ге жуық спортшы қатысты. Енді алда Әлем кубогының төртінші, әрі соңғы кезеңі. Желтоқсанның 16-сы мен 18-і аралығына жоспарланған бұл жарыс та Алматыда өтеді.

Әзірлеген Әзиз ЖҰМАДІЛ.

АЯҚДОП

Алдағы үш жылда балалар-жасөспірімдер футболын дамыту керек, бұқаралық футболды басты назарда ұстаған дұрыс және аяқдопқа тың серпіліс беретін мамандар даярлап, инфрақұрылымды жаңғырту қажет. Бұл туралы елордада өткен форумда Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұлов мәлімдеді.



ЕЛОРДАДА ЕЛ ФУТБОЛЫНЫҢ ЕРТЕҢІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан футбол федерациясы 2022 жылды қорытындылап, Астанада ауқымды форум ұйымдастырды. Іс-шараға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, аймақтық футбол федерацияларының жетекшілері, облыстық спорт басқармалары, кәсіпқой футбол клубтары, Қазақстанның футбол қауымдастығы, балалардың футбол орталығы, әуесқой футбол лигалары қатысты.

Алғаш рет ұйымдастырылған пікірталас аланы футбол жүйесінің барлық құрылымының ортақ нәтижеге қол жеткізіп, футболды дамыту жолында өзекті тақырыптарды талқылау үшін өткізілді.

ҚФФ президенті алдағы үш жылда ұйымның атқаратын басты міндеттеріне тоқталып, балалар-жасөспірімдер және бұқаралық футболды дамытуға баса назар аудару, футбол мамандарын даярлау саласында сапалы серпіліс

жасау және футбол инфрақұрылымын жаңғырту қажеттігін қадап айтты.

Өз кезегінде ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев футболды дамытуда салалық министрліктің жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында бұқаралық спортқа көп көңіл бөлу керек екенін тапсырды. Футболдың ең үлкен бұқаралық спорт түрі екені құпия емес. Мәдениет және спорт министрлігі ҚФФ саясатын толық қолдап, елімізде балалар-жасөспірімдер және бұқаралық футболды дамытуды федерациямен бірге жүргізеді», – деп атап өтті С.Жарасбаев.

Өз кезегінде «Алматы ақшамы» алдағы уақытта аталмыш форумға кеңірек тоқталып, ел футболын дамытуға бағытталған қадамдарды жан-жақты сараптады.



ТАНЫМ

ЕРҮЛІК

Жаңа көшіп келген көршілерге арналған ас. Жергілікті тұрғындар жаңа ортаға тез бейімделу үшін жаңадан көшіп келгендерді өздеріне қонаққа шақырады. Ерулік көршілерді жақындастырады. Ерулік тағамы жылқы етінен, қазы-қарта, жал-жая немесе қой етінен дайындалады.

АТ ҚОЮ

Қазақтарда әйелдер күйеулерінің туысқандарын атымен атамайды. Күйеуінің ағаларына, әпкелеріне еркелету атауларын ойлап табуы керек. Келін жаңа туысқандарын «мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «тен-тегім», «еркежан», «шебер шешей», «ақ-әже», «сырғалым», «шашбаулым» деп атайды.

ҚҰРСАҚ ТОЙ

Құрсақ той, құрсақ шашу – келіннің аяғы ауыр екенін білген ене жақын туыстарын, көршілерін шақырып, мол дастархан жаяды. Бұл мерекенің мақсаты – келінге көңіл бөлу. Үлкендер келінге бата беріп, абысындар өз кеңестерімен бөліседі.

ЖАРЫС ҚАЗАН

Әйелді толғағы қысып жатқан уақытта оның жақын туыстары, әсіресе, әйелдер қазанда қонақтарға арнап ет пісіріп қоюы керек. Егер әйел қазан қайнағанға дейін босанса оны жақсыға ырымдайды.

СҮЙЕК ЖАҢҒЫРТУ

Егер құдалар қайтадан құда болса, құдалық ары қарай жалғасады және бұл сүйек жаңғырту деп аталады. Бұл дәстүр екі тараптағы қыз бен жігіттің келісімімен орындалады.

СЕЛТ ЕТКІЗЕР

Кейбір мерекелердің алдында қыздар өздеріне ұнайтын жігіттерге Ұйқыашар тағамын береді. Ал жігіттер жауап ретінде әшекейлер немесе жағымды нәрсе сыйлайды.

АБЫСЫН АСЫ

Бұрын күйеулерінің рұқсатынсыз әйелдер көңіл көтеруге бара алмайтын. Ер адамдар айтшылап, ел аралап жүргенде, ауылда тек әйелдер қалады. Сол кезде әйелдер өздеріне мереке жасайтын: өзара дастархан жайып, дәмді ет пісіріп, самаурын қойып, ән айтып, көңіл көтеретін. Бұл қазақ әйелдерінің бірлігі мен достығының көрінісі. «Абысын асы» әйелдерді біріктіреді және жақындастырады.

АСАТУ

Әдетте ақсақалдар өз қолдарымен ас табақтағы бесбармақтан алып, балаларға ұсынады. Бұрын балалар қонақтардың тамақтанып болғанын күтетін.

БОСАҒА МАЙЛАУ

Жас жұбайлар үйленген кезде немесе біреу жаңа үйге көшкен кезде, туыстары табалдырыққа май жағады. Бұл үйде береке болсын деген ниетпен істелінеді. Дәстүрді орындағандарға үй иелері сыйлық береді.

ҚАЛАУ АЙТУ

Ұнаған жақсы жылқы немесе қандай да бір затты, киімді «қалау айту» арқылы алуға болады. Үйге келгенде, өз қалауы туралы айту керек, бірақ алдымен үй иесіне немесе оның балаларына жақсы сыйлық жасау керек.

АУНАТУ

Қазақтар қонақ отырған және түнеген жерге өз балаларын отырғызған. Сенім бойынша балаға бұл адамның дарындылық генінің бөлігі өтеді. Сонымен қатар, «туған жерге аунату» дәстүрі де бар. Бұл – туған жерінен ұзақ уақыт бойы алыс тұрған адамның Отанына оралғаннан кейін сағынышын білдіру дәстүрі.

АЖЫРАСУ КӨЖЕ

Бұл көшу алдында дастархан жаю дегенді білдіреді. Осылайша адамдар туғандары мен көршілерімен қоштасады. Өйткені, үнсіз көшіп кету тәрбиесіздіктің көрінісі.

БӘСІРЕ

Баланың дүниеге келуі малдың төлдеуімен сәйкес келгенде, балаға жаңа туған құлын, қозы немесе лақ сыйлаған. Бұл оның кішкентайдың бірінші заңды меншігі болып саналатын. «Бәсіре» ешқандай жағдайда сатылмаған.

ТІЗЕ БҮГУ

Егер адам біреудің үйіне келсе, ол міндетті түрде тізесін бүгіп, жайғасып отыруы керек, әйтпесе үй иесін ренжітіп алуы мүмкін.



ҰЙЫТҚЫ БОЛҒАН ҰСТАНЫМДАР

Қазақ халқының ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлері



БЕЛ КӨТЕРЕР

Мақсат – қарт адамдарға дәм беру. Оларды ерекше қамқорлыққа, мейірімге бөлеу. Дастарханға тәттілер, қазы, сары май, жент, қымыз, ірімшік, бал және т.б. қойылады.

Өңір салу

Қазақ халқының тойдан кейінгі салт-дәстүрлеріне жатады. Дәстүрді үлкен жастағы әйелдер орындайды. Олар келінге «шашу» шашып, оған өз сыйлықтарын табыс етеді. Әдетте «өңір» дегеніміз – киім және тұрмыстық заттар.

ТҰҢҒЫШ БАЛАНЫ АТА-ӘЖЕ ТӘРБИЕСІНЕ БЕРУ

Қазақ дәстүрлеріне сәйкес, отбасында

бірінші немересі ата-әжесінің тәрбиесіне беріледі. Бала туғаннан бастап әже мен атамның тұрады, олар оны өз баласы ретінде өсіреді. Бала тіпті оларды анасы мен әкесі деп санаған.

БАЛА БЕРУ

Бұл да бір дәстүр. Қазақтар өз баласын туған-туыстарына тәрбиелеуге берген. Әдетте, балалары көп болған отбасылар балалары жоқ туыстарына өзінің кіші баласын береді. Және бала бөтен отбасында өз баласы ретінде тәрбиеленді.

ӘМЕҢГЕРЛІК

Жесір қалған әйелді қайтыс болған күйеуінің ағаларының біреуіне тұрмысқа беру

дәстүрі. Бұл дәстүр әйелді және оның балаларын асыраушысыз қалдырмау мақсатында жасалатын.

АЛЫП ҚАШУ

Егер жас жігіт қалыңдығы үшін қалың-мал төлей алмаса немесе қыздың, не жігіттің ата-анасы қарсылық білдірсе қызды алып қашатын. Кейде жігіт қызды оның келісімінсіз де алып қашатын кездер болған.

КӨГЕНДІК, КЕУСЕН, ӨЛІ СЫБАҒА, ШҮЛЕН ТАРАТУ

Қазақтар мал өсірумен айналысса да, олардың арасында егіншілікпен және балық аулау есебінен өмір сүрген топтар да болды. Осы топтардың барлығына тән дәстүрлер болды. Солардың бірі — жағдайы төмен адамдарға қолұшын беру. Олар тапқан табыстарының бір бөлігін осы кісілерге тең бөліп беретін болған.

ШАШ ӨРУ

Қазақ қыздары тұрмысқа шыққанға дейін шаштарын бір өрімге өретін. Үйлену тойынан кейін келіндер қалыңдықтың өрілген шашын босатып оны екі өрімге өретін. Бұл оның жалғыздығы бітіп, енді тұрмыстағы әйел деген мәртебеге ие болғанын білдіретін.

КӨГЕНТҮП

Қазақтар алыс туыстарына қонаққа барған кезде, олар өздерімен бірге баласын алып, сәби алғаш рет болған әрбір үйде, осы айтулы оқиғаның құрметіне оған үй иелері мал атайтын. Бала үшін мұндай сыйлық үлкен қуаныш болса, оның ата-аналары үшін ерекше құрмет.

ЖИЕНҚҰЙРЫҚ

Әдет-ғұрып құқығы тек әйелдер желісі бойынша туыс болған адамдарға ғана тән болды. Мұндай адамды жиен деп атаған, ал оның анасының аға немесе кіші ағасы мен әпкелері оған нағашы болған. Жиеннің келуі үлкен мереке болған.

ҚҰЛАҚ ТЕСУ

Шамамен тоғыз жаста, кейде ертерек жаста құлақты тесу дәстүрі болған. Қыздарына қазақтар құлақ ұшаларын тесіп, оларға жібек жіптер салатын. Құлақтар бітелген кезде жіптерді алып тастап және олардың орнына інжу немесе күмістен жасалған кішкентай сырғаларды таққан. Бұл рәсім жыныс айырмашылығын білдірген.

ИТКӨЙЛЕК

Өмірінің алғашқы 40 күнінде сәбиге кигізген көйлектің бірін арнайы рәсім үшін пайдаланған. Оған тәттілерді орап, ауыл иттерінің мойнына байлап жіберетін. Осы сәтті асыға күткен балалар бірден итті ұстап, бір-бірімен тәттілерді бөліседі. Баласыз әйелдер де балаларды тамақтандыратын. Мұндай көйлек сәттілік әкеліп, олар көп ұзамай балалы болады деген ырым болған.

ҚАРЫН БҮРМЕ

Көшпелі халықтардың тағамдарының бірі – ет және дәмдеуіштермен араласқан қойдың асқазаны. Оны үйдегі немесе даладағы пеште пісірген. Алдын ала асқазанды дұрыс тазалап, қажет болған жағдайда оны шайып немесе тіпті сазбен майлайтын.

«БЫЛАМЫҚ» СОРПАСЫ

Бұл сорпа негізінен оңтүстік және батыс өңірлерде дайындалған. «Быламық» сорпасының емдік қасиеті мол саналған. Оны сүті құнарлы болуы үшін жаңа босанған әйелдерге беретін болған.

СҮБЕ ОРАМАСЫ

Бұл тағам батыста, Маңғыстау облысында дайындалған. Ол белгілі бір аймақта өсетін шөптерді немесе көкөністерді, еттің қабырғаларының сыртқы бөлігін қосып орама ретінде жасалады.

ҮЛПЕРШЕК

Әкелері өз қыздарына сарқыт ретінде беріп жіберетін тағам. Бұл ата-аналар қызын жақсы көреді және оны қонаққа күтеді дегенді білдіреді. Оны жылқының жүрегінен дайындап, ұн салынған қапқа салып, бір айға қалдырады. Осыдан кейін оны дайындауға болады.

СЫРБАЗ ҚҰЫРДАҚ

Сүтке немесе қымызға дайындалатын белгілі қазақ тағамдарының түрі. Жаңа піскен етке сүт құйып, қақпағы тығыз жабылған қазанда пісіреді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ашық интернет көздерінен алынды).

ФОРУМ

Нұржамал ӘЛІШЕВА

«ЖҮРЕКТЕН – ЖҮРЕККЕ»

Алматыда тұңғыш әлеуметтік форум өтті

Алматыда алғашқы әлеуметтік форум өтті. «Жүректен – жүрекке» деп айдар тағылған алқалы іс-шара мегаполистің әлеуметтік қызметінің құрылғанына 85 жыл толған күніне тұспа-тұс келді. Оған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем НҮСІПОВА қатысты.

«Қоғам – мемлекет – бизнес»

Сондай-ақ, іс-шараға қазақстандық әлеуметтік сарапшылар, қоғамдық пікір көшбасшылары, үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өкілдері мен осы салада жүрген халықаралық жетекші мамандар да қатысты. Форум спикерлері әлеуметтік өзекті мәселелерді шешу және қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік қызметкерлердің рөлін нығайту мақсатындағы табысты да тың жобаларымен бөлісті.

Иә, «Қоғам – мемлекет – бизнес» арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін жаңғыртуға бағытталған, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен Алматы әкімдігі ұйымдастырған форумның негізгі мақсаты қала тұрғындарының аз қамтылған және әлеуметтік тұрғыда қорғалмаған топтарын қолдау және мемлекеттік, азаматтық институттардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болды.

– Мемлекеттің әл-ауқаты мен гүлденуі оның қоғамының әл-ауқатына тікелей байланысты екені хақ. Дегенмен, әлеуметтік түйінді мәселелерді шешудегі ең жоғары нәтижеге «алтын үшбұрыш» деп аталатын өзара тиімді байланыс арқылы қол жеткізіледі. Яғни «қоғам – мемлекет – бизнес» арасындағы өзара берік қарым-қатынас, бірлескен күш-жігермен қамтамасыз етіледі. Сондықтан форум барысында ҰЕҰ өкілдерімен, кәсіпкерлермен, әлеуметтік қызметкерлермен бірлесіп, әлеуметтік мәселелерді шешудің заманауи тәсілдерін табуға күш-жігерімізді біріктіруге көмектесетін шешімдерді табуға ұмтылдық, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Нұсіпова.

Сонымен қатар, форумда әлеуметтік бағдарламаларды дамытудың тенденциялары мен дамуы, мүгедектерге және халықтың әлеуметтік осал топтарына қатысты еңбек заңнамасының негіздері, қоғамдағы әлеуметтік қызметкерлердің рөлі, орны айтылды.

– Біз медицина қызметкерлерінің, педагогтардың қызметімен таныспыз, бірақ әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбегі көпшілікке беймәлім. Биыл Алматы қаласының әлеуметтік қызметінің құрылғанына 85 жыл толды. Соған байланысты бұл форумды әлеуметтік қызметкерлердің бағалы, маңызды және күрделі еңбегін атап өту үшін өткізіп отырмыз.

Бүгінде қала халқының әлеуметтік тұрғыда қолдау, қорғау саласында 1,7 мың адам жұмыс істейді, оның ішінде көптің көзіне түсе қоймайтын, қоғамға көп көріне бермейтін, бірақ белгілі бір санаттағы көмекке мұқтаж жандардың үнемі жанынан табылып жүрген 700-дей адам бар. Олар жалғызділікті қарттарға, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмектеседі.

Қала әкімдігі халықтың әлеуметтік осал топтарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін үкіметтік емес ұйымдарды әлеуметтік осал санатқа жататын адамдарды қолдау жөніндегі қызметке тарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде кейінгі бес жылда (2017 жылдан бастап) халықтың осал топтары үшін жобаларды іске асыратын ҰЕҰ саны 10-нан 45-ке дейін өсті және бүгінде 75 мың адам қамтылып отыр, – деді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Назира Тоғызбаева.

Ең ізгі жандар

Алматыда тұрғындардың жалпы саны 2 млн адамнан асатын болса, оның 55 мыңнан астамы мүмкіндігі шектеулі адам. Сол жандарды қоғамға тарту, олар үшін жайлы орта қалыптастыру мақсатында мемлекет қажетті қолдау іс-шараларын көздейді. Жүйелі қолдауды ұйымдастыру үшін биыл Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі және орта мерзімді перспективалардың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы бекітілді. Осы бағдарлама шеңберінде қалада инклюзивті орта құру, мүгедектіктің алдын алу мен алдын алуды қамтамасыз ету, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарды оңалтудың техникалық құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстар атқарылатын болады.

Иә, әлеуметтік қызметкер деген маман – қоғамдағы ең ізгілікті және сұранысқа ие мамандықтардың бірі. Оларға жоғары жауапкершілік жүктелген, яғни өмірлік қиындықтарды өз бетінше жеңе алмайтын, моральдық және материалдық қолдауды қажет ететіндерге қамқорлық жасау жүктелген. Ең алдымен, бұл қарт адамдарға, мүгедектерге, балаларға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қатысты.

Сонымен қатар, биылғы жетістіктеріміздің бірі – әлеуметтік қызметтер үйінің ашылуы, бұл пилоттық және бірегей жоба. Онда қала тұрғындарына «Бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік және әлеуметтік сипаттағы қызметтер көрсетіледі, сондай-ақ, психолог кабинеті мен заң қызметтерін қоса алғанда, 750-ден астам қызмет көрсетіледі.

Ten Qogam барлық ауданда ашылады

Психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан адамдарды оңалту үшін биыл 200 орынды «Алатау» әлеуметтік қызметтер орталығы ашылды, бұл қазіргі «Демеу» стационарын түсіруге мүмкіндік берді. Аға буын азаматтарына арналған «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мәдени-демалыс орталығы ашылды.



Сондай-ақ, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аталарға ыңғайлы болу үшін биыл аутизмі бар балаларды және 18 жастан асқан мүгедек адамдарды қолдау үшін «Шапағат» көпсалалы күндізгі оңалту орталығы жұмыс істей бастады.

Биыл тәуекел тобындағы әйелдерді қолдау бойынша «Жаңа өмір», аз қамтылған отбасыларға арналған «Жарқын өмір», мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналар, жалғызбасты әкелер, ХӨОТ арасынан проблемалы қарыз алушыларға арналған «Isker Isi» жаңа жобалары іске қосылды.

Келесі жылдан бастап «Ерте араласу орталығы» пилоттық жобасы шеңберінде сынақтан өткен жұмыс күшейтілетін болады. Осы орталықтың базасында ерте араласудың ғылыми, оқу-әдістемелік орталығы ашылады, онда церебральды сал ауруының әртүрлі нысандары бар балаларды емдеудің бірыңғай хаттамасын әзірлеу және одан әрі енгізу жоспарланып отыр. Бұл тұтастай алғанда сапалы оңалту және мүгедек балаларды оңалту көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді. Осы орталықтың базасында кешенді психо-түзету және оңалту көмегін көрсету бойынша 700 маман дамуында кідіріс бар балаларды уақытылы анықтау дағдыларына оқытылатын болады.

Мұқтаж азаматтарды жоғары сапалы техникалық оңалту құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз ету үшін келесі жылдан бастап балаларға арналған электр жетегі бар жоғары сапалы жеке кресло-арбаларды, протездерді, сөйлеу процессорлары мен есту аппараттарын сатып алуды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл іс-шара әлеуметтік қызметтер порталында жоқ оңалту құралдарын толықтыруға, сондай-ақ мұқтаж адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасы бойынша қамту үлесін ұлғайтуға мүмкіндік бермек.

Қалада мүгедек балаларға арналған әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының жұмысын қайта ұйымдастыру мақсатында 2023 жылғы 150 төсек-орынға мүгедек балаларға арналған халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа қалалық оңалту орталығын одан әрі салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жоспарлануда.

Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қалалық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды қоғамға тарту үшін келесі жылдан бастап Ten Qogam мүгедектерді әлеуметтік қолдау орталығының қызметін қаланың әрбір ауданында ашу жоспарлануда. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қолжетімділігін мониторингтеу жөніндегі қызметті қоса отырып, орталықтар жү-

мысының функционалын одан әрі кеңейту және ескертуді жоюға ұсынымдар енгізу де көзделуде.

Алматы тағы да озды

«Жүректен – жүрекке» Алматы форумына барлығы 300-ден астам адам қатысты. Оған онлайн-режимде үн қосқан ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ақмәди Сарбасов әріптестеріне ізгі лебізін жеткізе отырып, Алматының әдеттегідей тағы да алға озып, осындай бағытта тұңғыш форум өткізіп отырғанын атап өтті. ҚР Парламенті Сенатының депутаты, «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ләззат Қалтаева да бұл форумды басқа өңірлерге үлгі етуге болатынын тілге тиек етті. Форумда айтылған үздік ұсыныстар тәжірибеде қолданылатын болады.

Бүгінгідей уақытта мүгедек бала немесе дімкәс қарт кісі қарап отырған отбасыларға барып, үнемі қолдау көрсетіп, жүрегінің жылуын бөлісіп, олардың ауыртпалығын көтерісіп жүрген қарапайым әлеуметтік қызметкерлерді қалай мақтасақ та жарасымды. Кешегі форумда сондай мейірімді, қайырымды жандардың бірқатары, атап айтсақ, Ольга Рахматулина («Парасат» әлеуметтік қызметтер орталығы), Айнұр Сәдуақасова («Шапағат» әлеуметтік қызметтер орталығы), Гүлзира Боржықбаева (Медеу ауданының үйден қызмет көрсететін психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған №1 бөлімшесі), Анар Асамбаева («Парасат» әлеуметтік қызметтер орталығы), Сағынш Сарыбаева (Медеу ауданы әкімі аппараты жанындағы үйден қызмет көрсететін зейнеткерлер мен мүгедектерге арналған №4 бөлімшесі), Жанар Әлмағанбетова (Түркісіб ауданының психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған №1 бөлімшесі), Гүлзира Құлатаева (Алатау ауданының психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған бөлімшесі), Ұмсынай Тайсариева (Жетісу ауданының психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған №2 бөлімшесі), Табиятхан НадYROVA («Пана» әлеуметтік бейімдеу орталығы) және Дамира Әбдікүл (Өуезов ауданы әкімі аппаратының жанындағы зейнеткерлер мен мүгедектерге арналған бөлімше) «Үздік әлеуметтік қызметкер» атанып, арнайы мүсінше иеленді және әрқайсысына заманауи теледидар сыйға ұсынылды. Әлеуметтік қызметкерлер жылды осындай қуанышпен түйіндеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ӘРІПТЕСТЕРІМДІ МАҚТАН ЕТЕМІН

Әсем НҮСІПОВА,
Алматы қаласы әкімінің орынбасары:

– Әлеуметтік түйінді мәселелерді шешудегі ең жоғары нәтижеге «алтын үшбұрыш» деп аталатын өзара тиімді байланыс арқылы қол жеткізіледі. Яғни «қоғам – мемлекет – бизнес» арасындағы өзара берік қарым-қатынас, бірлескен күш-жігермен қамтамасыз етіледі.

Сондықтан форум барысында ҰЕҰ өкілдерімен, кәсіпкерлермен, әлеуметтік қызметкерлермен бірлесіп, әлеуметтік мәселелерді шешудің заманауи тәсілдерін табуға күш-жігерімізді біріктіруге көмектесетін шешімдерді табуға ұмтылдық.

Назира ТОҒЫЗБАЕВА,
Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы:

– Мен бұл саладан өз күші мен рухани күшін қайырымдылыққа беретін жауапкершілігі жоғары адамдарды көремін. Осы орайда мен мынаны атап өткім келеді – сондай әріптестерім өзгенің ауыртпалығын нәзік иығымен көтере жүріп, біздің қаламыздың әлсіз және қолдауға мұқтаж тұрғындарына қамқорлық жасай отырып, қойылған міндеттерді сәтті орындап жүргендер.

Серкан РАМАДАНОҒЛУ,
Nayat Construction Group компаниясының (Түркия) Қазақстандағы жетекшісі:

– Бізде мүгедек азаматтар туралы мәліметтер топтастырылған әлеуметтік база орнатылған. Оған кез келген мүмкіндігі шектеулі адам тіркеле алады. Оларға қажетті тауарлар медициналық-әлеуметтік портал арқылы жеткізіледі. Мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін бізгегі және сіздердегі әлеуметтік қызметтердің ұқсастығы өте көп екенін байқадым. Демек, бәріміз әлемдік стандарт бойынша жүйелі, тиімді жұмыс істеп жатырмыз деп білемін.

Айнұр ІЛИЯСОВА,
«Бөпе» қорының негізін қалаушы:

– Әлеуметтік қызметкерлердің міндеті – осынау өмірдің қиын жағдайына тап болған адамдарға қайтадан өзіне сенуге көмектесу. Қиын-қыстау кезеңде оларға көмек қолын созу арқылы сіз оларға қайтадан қуана білуді, алдағы жақсы күндерден үміт үзебеді, күш-қуатын сарқып алмауды үйретіп, тіпті жаңа жеңістерге жеткізетін жолға және қоғамның табысты мүшесі болуға жетелейсіз. Мен осындай ізгілікті миссияны жалаулаптай-ақ атқарып келе жатқан әріптестерімді мақтан етемін.



● Ә.НҰРШАЙЫҚОВ – 100

ӘЗ-АҒАНЫҢ ӘР СӨЗІ ҚЫМБАТ ЕДІ...



Мәңгілік махаббаттың, ерліктің жыршысы атанған әйгілі қаламгер, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов – мыңдаған, миллиондаған оқырманының жүрегіне қапысыз жол тапқан, лирикалық прозаның ұлттық әдебиетіміздегі көрнекті өкілдерінің бірі болып қалды.

Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романын мектеп қабырғасынан түлеп ұшар қарсаңда, 1971-1972 жылдары, қолдан-қолға тигізбей қызыға да құныға оқығанымыз есімде. Біздің де алдымызда белгісіз әлем – студенттік өмір күтіп тұрғанын іштей сезінгендіктен бе екен, әйтеуір Алматыға жеткенше, университет табалдырығынан аттағанша, алып-ұшып арман жетегінде жүрдік. Әз-ағаның шығармасы бізді керемет қанаттандырды, қатардағы кейіпкерлері арқылы достық пен махаббат әлеміндегі адалдыққа, кіршіксіз тазалыққа шақыратыны ұнады. Сөйтсек, бұл тек біздің ғана емес, бізден басқалардың да – алдыңғы, орта, кейінгі буынның да көңіл төрінен орын алған туынды екен. Арада біраз жылдар өткен соң «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы оның даңқына тағы да даңқ қосты.

2000 жылы мен Алматыдағы Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешеніне басшылық қызметке келдім. Осы жылдардан бастап Әз-ағаман аразымызда кездесудің, жүздесудің, әңгімелесудің сәті жиі түсіп тұратын болды. Оның бір себебі – қазақ әдебиетінің классиктері, әдебиет алыптары Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің музей кешенінде өтіп жататын әртүрлі әдеби кештерге, кездесулерге ең бір сыйлап, құрметтеп шақыратын жазушымыз Әзілхан Нұршайықов еді. Әз-аға әрқашан да біздің шақыруларымызға дайындықпен келетін. Өзінің жеке мұрағатында сақталған Сәбеңе, Ғабеңе қатысты құнды деректерді қайтадан тірілтіп, тыңдаушыларына (зиялы қауым өкілдері, оқушылар, студенттер, т.б.) көл-көсір сыр шертетін еді. Көбінесе

сөйлейтін сөзін қағазға түсіріп, кейде қысқаша тезис түрінде ой оралымдарын жинақтап, жүйелеп алып келетін.

Наурыз, сәуір айларында өткізіліп тұратын дәстүрлі «Ғабит оқулары» 2010 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 65 жылдығымен орайластырған едік. Майдангер-жазушы Әзілхан Нұршайықовты арнайы шақырып, әңгіме тыңдадық. Әз-аға ерекше шабытпен, қанаттанып, Ғабең мұражай-үйінің кең де жарық залында жиналған тыңдаушыларына – ғалымдар, ақын-жазушылар, оқытушы-мұғалімдер, студенттер, т.б. – бір жарым сағаттан аса уақыт бойы тік тұрегеп тұрып сыр шерткен еді. Бұл – 88 жастағы ардагер жазушының, ардақты қарияның біздің мұражай кешеніндегі соңғы кездесуі екен ғой. Кеш өте әсерлі болып, жиналған қауым зор ризашылықпен тараған-тұғын.

Осы кездесу үстінде қатысушыларға Әз-ағаға Сәбеңнің жазған хатын оқып беріп, әңгімесін нақтылай түскен едім. Ол хат мынау: «Әуезхан! (Сәбең Әзілханды (Әуезхан) деп атап өткен. Ә.К.) «Құдайға» нансан, сенің Павлодарға барғаныңды бүгін алған хатыңнан білдім. Оған себеп, менің күздей саяхатта болуым болу керек. Үстіміздегі декабрьдің бірі күні шыққан «Социалистік Қазақстаннан» менің Украина туралы жазған очерктерімді оқыған боларсың. Бағасын айта бересің, маған да, «СҚ»-ға да болған абырой – 300 жылдық тойды білгендей, күн бұрын дауыс беріп қалдық. 300 жылдық туралы қаулы шыққаннан кейін баспасөздердің (әсіресе, периодика) шапқылауын білсең. Енді басайын десе, қазақша оригиналдық ештеңе жоқ, әсіресе, Украинаның бүгінгі конкретті

өмір бейнесі туралы... Осы мәселеде газет-журналдар (Алматының) мені «знаток» көріп алды да, «бізге жазып бер» деп бастырмалатты. Туысқан елдің тойына білгенімді аямайын деп мен көрген-білгенімді бөлшектеп жаза бердім (Олардың бірнешеуі жуырда шығады).

Мынау сол «циклдардың» бас жағы. Саған арнап жазуға уақытым жететін емес, өтінішінді орындамау тағы ыңғайсыз – сыйлайтын жолдассың, сондықтан жіберіп отырмын. Бұл «черновикті» көшіртіп жіберейін десем, машинистка тез босамай, кешігіп қалатын. Сондықтан ұят та болса, «черновик» күйінде жібердім, «азар болса, бір қолжазбам Әуезханға жатар» деген оймен. Сөкпеуінді өтінем. Қалай басу еркі өзінде: қысқартамысың, түгел ме. Қайсысы болса да әуелі түгел бастырып, корректурасын өзін лично қарап шық; әрі асығыстау жазылған нәрсе, әрі менің орфографияға салақ та, емлеге шорқақ та екенімді білесің – ляпсус кетіп қала көрмесің. Ғалым да (Петропавл, «Ленин туы», Мұхаметжан) «жұтап отырмын» деп жазады. Оған көшіртіп жіберуге де машинисткалардың қолы тимей жатыр. Осы міндетті сен мойныңа алып, бір данасын жібере салсаң қайтеді?

Ал енді өзін хош бол. Жұмысың жемісті болсын. Редакциядағы жолдастарға сәлем айт. Тыңнан жазбады деп өкпелеме. Бұл материал «Әдебиет және искусстводан» басқа ешқайда жарияланбайды. Оның 300 жылдық тойдан кейін шығуына иманың кәміл болсын. Сонда бірінші жариялаушы сен боларсың. Сәлеммен, Сәбит. 16-XII-1953 ж. Алматы».

Әз-ағаның үйінде алғаш болғанымда мені бір қайран қалдырғаны, жұмыс кабинетіндегі кітаптардың көптігі емес, сол кітаптарды қалқалап жауып тұрған үлкенді-кішілі фотосуреттердің көптігі. Әсіресе, майдангерлердің, соғыста қан кеше жүріп кейбірі мәңгілік қайтпас сапарға кеткен, Отан қорғау жолында шейіт болған жауынгерлердің сарғайған суреттері көп-

ақ. «Менің кабинетімдегі жазу үстелімнің арт жағындағы кітап шкафтарының кенересінде әскери адамдардың сарғайған суреттері тұр. Олар кімдер? Ұлы Отан соғысы кезінде мен қызмет еткен 100-ші дербес атқыштар бригадасының жауынгерлері...» деп жазыпты ол қойын дәптеріне.

Өзінің майдан жазбаларында, күнделіктерінде, естеліктерінде Әз-ағаның фотобейнелерді барынша нақты беруге тырысатынынның бір сыры осы жинақылық пен ұқыптылықта жатқандай еді.

Әз-аға әрдайым қолына фотоаппарат ұстап жүріп өзінің болашақ шығармаларының кейіпкерлерімен кездесетін журналист-жазушылардың қатарынан болды. Әуестікпен басталған осы бір фотосуретке құмарлық кейін әдетке, дағдыға, тіпті, шығармашылығының ажырамас бір бөлігіне айналып кеткендей, сірә.

Мұражай кешеніндегі әртүрлі кездесу кештеріне шақырғанымызда Әз-аға фотосуретке түсетін сәтке ерекше мән беретін. Бірде сондай кездесулердің соңында Сәбеңнің жары – Мәриям апайды қолтықтап, суретке түсуге шақырды. Мәриям апай мен Әз-ағанды ортаға алып тұра қалдық. Немересі Динаның қолында фотоаппарат жүрген, енді соған арнайы суретке түсірткізді. Арада бірнеше күн өткенде Дина әлгі түсірген фотокардлердің бірнешеуін шығарып, музейге әкеліп берді. Мәриям апай да риза болды. Әз-ағаның осы бір ұқыптылығы, фотобейнелерді өзінің әңгіме, очерктерінде шебер пайдаланатыны қаламгерлердің қай-қайсысына да үлкен өнеге.

Асыл ағаның соңында қалған мол мұрасы келер ұрпақтың игілігіне жарай беретіні сөзсіз. Өмірде қарапайым, Өнерде қанатты жан еді Ол.

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
ақын,
С.Мұқанов пен
Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей
кешенінің жетекшісі,
филология ғылымының
кандидаты.

● ЖАСТАР САЯСАТЫ



Саямат ҚҰСЫЛЫНОВ

**«JAS GALA»
жеңімпаздары
анықталды**



**АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

**Тәуелсіздік күніне орай
шығармашыл жастар
арасында JAS GALA
іс-шаралар кешенін
жүзеге асыру аясында
дизайнерлер байқауы
өтті.**

15–35 жас аралығындағы жастар Тәуелсіздікке орай өз жобаларын байқауға ұсынды. 60-қа жуық жұмыстың ішінен ең үздік 10-ы таңдалынып алынып, бағалы сыйлықтар мен марапаттарға ие болды. Қазақ логистика және көлік академиясының базасында өткен шараға танымал отандық маркетологтар мен дизайнерлер қатысты.

«Қазіргі таңда жастарымызға арналған түрлі байқаулар ұйымдастырылып жатыр. Бұл шаралар жастардың ақпаратты жылдам қабылдауға, шығармашылығын дамытуға арналған. Спикер ретінде елімізге танымал тұлғалар, дизайнерлер шақырылды. Осылайша жастардың білімі мен біліктілігін арттыруды басты мақсат етпекпіз. Жыл сайын JAS GALA іс-шаралар кешенін қолға алмақпыз. Жастар өз бақтарын келесі жылы да сынай алады. Ол үшін біздің әлеуметтік желімізге жазылып, соңғы жаңалықтардан қалыс қалмауы керек», – дейді ұйымдастырушы Бағдат Анарбаева.

Кәсіпкер, маркетолог, бренд-маман, Kex Group, Поток, TOP fat, ROYAL flowers отандық брендтерінің авторы Лейла Каймолданова өзінің мастер-класын өткізді.

«Бүгінде талантты жастарға қолдау да, мүмкіншілік те көп. Осыдан 10 жыл бұрын мен қандай дүниелерді саламын, елдің қызығушылығы қандай деген ой мен қорқыныш болатын. Ал қазіргі таңда әлеуметтің арқылы халыққа қандай дүниелер ұсыну керектігін бірден ұғынасың. Салған, жасаған дүниелерді көрсете аласың. Сол себептен бүгінгі жастарға айтарым, өз мүмкіншілігіңді жақсы пайдалана білу керек. Оқымадың деп қаймақпай, талантың болса, мастер-класстарға жазыл, біліміңді шыңда. Өзіңнің еңбегіңді көрсет. Сонда еліміз де, жастарымыз да, қаламыз да жоғары деңгейде дамиды», – дейді бренд-маман Лейла Каймолданова.

Аталмыш іс-шарада жастарға арналған ойындар мен мастер-класстар ұйымдастырылып, Тәуелсіздікке байланысты жасалған жұмыстар қала тұрғындарына таныстырылды. Тіпті, үздік жұмыстар ғимараттардың сыртқы жағына салынуы да мүмкін.

Шара соңында байқау жеңімпаздарына 1 000 000 теңге көлемінде бағалы сыйлықтар берілді.

Жас дизайнерлер байқауы Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының әлеуметтік тапсырысы бойынша «JAS GALA» жобасы аясында өткізілді.



М.ӘУЕЗОВ – 125

Әуезов әлемі

Биыл қазақтың көрнекті жазушысы, классик, қоғам қайраткері, академик, драматург, ғұлама ғалым, аудармашы Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толып отыр. Оның «Абай жолы» эпикалық еңбегі «Әлем әдебиеті кітапханасына» енген, шығармалары көптеген тілдерге аударылып, ал пьесалары әлемнің көптеген театрларында сахналанып келеді.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Біртуар тұлғаның мерейтойына орай «Әуезов оқулары», көрмелер, ғылыми конференциялар, еске алу кештері, концерттер және басқа да мерекелік іс-шаралар жыл басында басталып, әлі де жалғасуда.

Жазушы мерейтойы аясында Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Жобалық кеңсесі шығармашыл жастар арасында «Мұхтар Әуезов әлемі» атты лонгрид байқауын жариялап, нәтижесін қорытындылады. Бұл жобаның мақсаты – жастардың бойында адамгершілік ұстанымдары мен рухани құндылықтарды қалыптастыру. Байқау талабы бойынша қатысушылар Мұхтар Омарханұлының «Абай жолы» және «Еңлік – Кебек» шығармаларының бірін лонгрид форматында көрсетуі қажет.

Байқау әділқазылары келіп түскен жұмыстарды саралап, үздіктерді анықтады. Сарапшылардың берген қорытынды нәтижелері бойынша:

I орынды – Қазақ бас саулет-құрылыс академиясының студенті Жансая Камашева;

II орынды – С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің студенті Қрымқұл Нұрай;

III орынды – Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенті Аружан Орынбасар иеленді.

Жеңімпаздарға арнайы диплом және қаржылай жүлделер табысталды. Жеті талапты жас қосымша ынталандыру сыйлықтарына ие болып, қалған байқау қатысушылары «Алғыс хаттармен» марапатталды.



МӘДЕНИЕТ

«ЕУРАЗИЯ» СЫЙЫ

мәдениеттанушы және қоғам қайраткері
Мұрат Әуезовке табысталды



XVI «Еуразия» халықаралық кинофестивалі басталды. Ашылу салтанаты Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында өтті. Бағдарлама қызыл кілем рәсімімен басталды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Салтанатты түрде безендірілген театрдың бас залында іс-шараны фестиваль президенті Ардақ Әмірқұлов пен бағдарлама директоры Гүлнара Әбікеева ашты. Қазақстан Республикасының Мәдениет және

спорт министрі Дәурен Абаевтың кіріспе сөзі оқылды және ол қатысушыларға шығармашылық жетістіктер мен жемісті күн, жақсы көңіл күй тіледі.

«Еуразия» байқау бағдарламаларына қатысатын барлық фильмді қамтитын трейлер де көрсетілді. Оған қоса, көрермендер қазылар алқасының мүшелерімен танысты. Бір қызығы, сахнаға шыққан шетелдік қонақтар алдымен қазақ тілінде кем дегенде бір-екі сөз айтуға тырысты.

Салтанатты іс-шараның басты тосын сыйы фестивальдің арнайы жүлделерін табыстау болды. «Орталық Азия кинематографының дамуына қосқан үлесі үшін» жүлдесін атақты өзбек режиссері Әли Хамраев алды, ол осы фестивалде халықаралық байқаудың қазылар алқасын басқарады.

Тағы бір арнайы сыйлық – «Қазақ кинематографына қосқан үлесі үшін» – мәдениеттанушы және қоғам қайраткері Мұрат Әуезовке табысталды.

Бағдарлама қазақстандық кино-режиссер Сәбит Құрманбековтің «Боран» картинасының көрсетілімімен аяқталды.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

«ДАЛА ДАУСЫ» – ТҮРКИЯДА

Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласында Алматы қаласы музейлер бірлестігінің «Дала даусы» атты халықаралық көрмесі ашылды. Бұл туралы бізге Алматы музейінің баспасөз қызметі хабарлады.



Көрме Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толуына орай Алматы қаласы әкімдігінің және Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Екі ел халқының тарихы, тілі мен мәдениеті тамырлас, дүниетанымы мен түсінігі жақын. Бүгінде екіжақты қарым-қатынас барлық саланы қамтуда және қарқынды түрде дамып келеді.

Көрменің мақсаты – келушілерді түбі бір түркі халықтарының көнеден жеткен тарихымен, музыкалық мәдениетімен таныстыру.

Бақыркөй ауданы, Испиртохана мәдени орталығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні ме-

рекесі қарсаңында ұйымдастырылған көрмеде Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қорындағы бірегей, құнды жәдігерлер Түркия жұртшылығы назарына ұсынылды.

Нұр ЖАМАЛ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Аршын мал алан»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.

Спектакль авторы: Ү.Ғаджибеков.

Қоюшы-режиссері: Тұңғышбай әл-Тарази.

Музыкасын әрлеген: А.Дүйсенов.

Жанр: комедия.

Вокал дайындығы: Ғ. Есімов.

Биін қойған: В. Гончаров.

Концертмейстер: Л. Алдыярлов.

Ұзақтығы: 2 сағат.

Күні мен уақыты: 17 желтоқсан, 18.30.



«Бояулар мерекесі» көрмесі

Өтетін орны: Алматы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 132. «Алматы мұражайы».

Көрмеде: Суретші түсті туындының өзін-өзі басқаратын объектісі ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар, ол түс пен сызық, пәндік пішін және үш өлшемді кеңістік арасындағы көрнекі диалогқа да қызығушылық танытады.

Күні мен уақыты: Экспозицияны желтоқсан айының 24-іне дейін тамашалай аласыздар!

Жас санаты: 3+.



Шахматтан әлем чемпионаты

Өтетін орны: Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайы.

Өтетін күні: 25–30 желтоқсан, 18.00.

Жас шектеуі: 12+

Есіңізде болсын!

Үй-жайдың трибунасына телефондармен және басқа да электр аспаптарымен кіруге қатаң тыйым салынады. Өзіңізбен бірге алып келмеуіңізді сұраймыз!

Билеттерді тек тикетоннан сатып алуға болады! Кіреберісте билеттерді сатып алу мүмкін болмайды! Билеттер үшін қолма-қол ақша төлей алмайсыз!





ТУРНИР

ЖЕЛТОҚСАН БАТЫРЛАРЫНА ҚҰРМЕТ

Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыда «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі бас болып шағын футболдан аламан жарыс ұйымдастырды. Іс-шарада әр ауданнан бас қосқан 3 команда мен ардагер қаламгерлер құрамасы бас жүлдені сарапқа салды.

Алдымен жарыстың салтанатты ашылуы болып өтті. Дәстүр бойынша еліміздің Әнұраны ойналып, қадірлі қонақтарға сөз берілді. Жарысқа әйгілі қақпашы, Қазақ футболының ардагері Құралбек Досжанұлы Ордабаев қатысушыларға сәттілік тілей отырып, тәуелсіздігімізді жеңіп әперген желтоқсандықтарға өз тілегін арнады.

«Ігілікті спорт шарасын өткізуді жоспарлап қолға алсаң, соны өткізетін орын табу мұңға айналады. Дегенмен де, Желтоқсан батырларына деген құрмет, қошеметі жоғары азамат жігіттеріміз әлі де болса ортамызда баршылық. Осы жарысты өткізсек деген өтінішпен келген ұйымдастырушыларға бір ауыз сөзге келмей, өз рұқсатын берген К.Ахметов атындағы олимпиада резервтерін дайындайтын республикалық мектеп-интернат колледжінің директоры Ернар Ибраимов мырзаға Желтоқсан батырларының айтар алғысы шексіз. Хан сарайындай кең спорт залда доп тебу ардагерлер үшін үлкен қуаныш», – дейді ақын, желтоқсаншы Ақын Ордабайұлы.

«Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев спорттық шаралар Желтоқсан батырларының басын қосып, ерекше бір әсер алып қайтатын орта болып қалыптасып келе жатқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, барша ойыншыларға табысты ойындар тіледі. Жарыстың ашылуының ажарын ашқан тағы бір сәт ол ақын, сазгер, тазквондо шебері Нұрлыбек Бұлжанның қол-өнерінен шыққан, ер қаруы шоқпарын



ортаға алып шығуы болды. Ол да бір өзіндік көрініс болды деуге болады. Содан кейін, турнирдің бас төрешісі Асылхан Әбішев жарыстың өту жүйесін айтып, тартысқа толы кездесулер басталып кетті.

Турнирдің тағы бір құптарлық жағы – ол жарыс алдында қаза болған Желтоқсан батырларын еске алып, құран бағышталғаны болды. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» демекші, ел

егемендігі үшін шахид болған батырларға құран бағышталды. Осылайша жарыс өз жалғасын тапты. Желтоқсан ардагерлерінің ойын шеберліктеріне тәнті болған Жетісу ауданының Төкен Смағұлов бастаған Роза, Шолпан, Алма, Гүлхан, Гүлзада сынды Желтоқсан батырларының қол соғып, қошемет көрсетуі ойыншыларға дем беріп, қолдау болды.

Сонымен, бас жүлдені Шоқан Мақанов, Әзиз Тастаев бастаған БАҚ өкілдерінің командасы жеңіп алды. Екінші күміс жүлде «Желтоқсан ақиқаты» командасына бұйырса, турнирдің қола жүлдесін Бостандық ауданының «Желтоқсан» командасы иеленді. Турнир соңында үздік қақпашы, үздік ойыншы, үздік шабуылшы, үздік қорғаушы және белсенді жанкүйерлер қошеметпен марапатталды. Негізі бұл жарысқа қаладағы «Футбол әлемі» дүкенінің қожайыны, кезінде ала доптың теңдессіз шебері болып қала біріншіліктерінде ойын көрсеткен Біржан атты азамат та өз дүкенінің атынан футбол брелоктарын осы сайысқа тарту етіп беріп жіберген еді. Кішігірім сый болса да, Желтоқсан батырлары үшін бұл көрсетілген үлкен құрмет болды.

Сонымен қатар, қазақтың атақты балуаны, грек-күресінен олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Нұрбақыт Теңізбаевпен бірге, Желтоқсан батырлары Батыр Әміржанов, Дархан Жакешов, Нұрәулет Жайнаков, Сайфутдин Шамсутдинов, Майлыбек Әмірзақов, Ертай Әбуовтер де өз тараптарынан айтулы жарысқа қолдау, көмектерін берді. Жарыстың әділ әрі тартымды өтуі көбінесе төрешілерге қатысты екенін жақсы білеміз. Турнирді мамыржай көңіл күймен даудаймыз өткізген өз істерінің маманы Асылхан Әбішев пен Мұрат Кененовтерге де Желтоқсан қайраткерлері рахметтерін айрықша жеткізіп жатты. Сонымен, күні бойы мерекелік көңілде өткізілген жарыс өз мәресіне жетіп, қатысушылар естелікке суретке түсулерін тоқтатпады. Жарыстан алған әсерлері шексіз. Айтулы турнир алдағы жылы республикалық деңгейде өтіп, дәстүрлік сипатқа ие болады деген сенімдеміз.



НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«Қаш»

Өтетін орны: Барлық кино-театрлардан тамашалай аласыздар.

Күні мен уақыты: 17 желтоқсан, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.

Өндіріс елі: Қазақстан.

Режиссері: Райан Култер.

Жанр: фантастика, экшн, триллер.

Ұзақтығы: 1 сағат, 55 минут.

Жас бойынша шектеу: 16+.

Кинода: Фильмнің тарихы 30-жылдары, жаппай ұжымдастыру дәуірінде және осы кезеңнен кейінгі аштықта орын алады. Оқиғалардың орталығында қабір қазушы Исатай тұр, оның алдында таңдау қиын болады. Фильм сол кездегі ессіздіктің қорқынышты атмосферасына қаныққан және кейіпкерлердің сезімдері мен тәжірибелерін тамаша жеткізеді.

Мұздағы
Шығыс ертергісі –
«Алладин»!

Өтетін орны: Алматы қаласы, «Алматы Арена» мұз айдыны.

Өтетін уақыты: 2 қаңтар, 19.00.

Кешке: Қазақстанның ең үздік мәнерлеп сырғанаушылары алғаш рет мұз шоуына қатысуда!

Ұзақтығы: 1 сағат, 45 минут, бір үзіліспен.

Жас шектеуі: 7+, 7 жасқа дейінгі балаларға кіруге тыйым салынады.

Әзірлеген Ақтолқын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ

АХМЕТ
БАЙТҮРСЫНҰЛЫ

«Азаттық асылы
мәдениетте, мәдениет
күшеюінің тетігі оқу
мен әдебиетте».

ЗАМАНСӨЗ

ҰЛТТЫҢ ТІЛІ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Ахмет Байтұрсынұлы 15 жыл (1895–1910) ауыл мектептерінде бала оқытты. Сол кездегі педагогикалық қиындықтар (төл оқулық пен жосықты бағдарламаның болмауы, оқу-тоқудың колониалдық және миссионерлік сипаты т.б.) оны ағартушылық бағытқа алып келді. Жанашыл ұстаз жаңа жол-соқпақ іздеді. Ескішіл қадимді де, жаңа кирилл (орыс) әліпбиін де қолдамады. Ортадан ойып тұрып, тын «жол» салды: дәстүрлі араб жазуы әліпбиді қазақ тіліне бейімдеп реформалады; «дәйекші» белгісін ойлап тапты; қазақтың төл әліпбиін жасақтауға талпынды.

Жаңа қазақ әдеби тіліне негіз болған төл «Әліппе» дүниеге келді. Барлық нәрсе, өзгеріс әуелі «Әліппеден» басталып, әліппеге (алфавит) ұласатыны белгілі. Жаңа қазақ әліпбиі (жалпы тіл білімінде «Байтұрсынов әліпбиі» атанған) жазу-сызуымызды жеңілдетіп, жүйелеп, жалпыхалықтық сипатқа ие болды. Жазу-сызуымыз демократияланып, рухани-мәдени төңкеріске ұласты. Жаңа әдеби тіл қалыптасып, ол жалпыұлттық Алаш қозғалысына негіз болды.

Ұлттың тілі – ұлттың жаны. Ұлттың тілі төрге шықпай – ұлттық мемлекет құрылмайды.

Ғарифолла ӘНЕС,
профессор.

АХМЕТТАНУ

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕБІНІҢ
НЕГІЗІН САЛДЫ

Ахаңның әліппесі жөнінде айтқанда, біз мынаны мұқият ескеруге тиіспіз. Ахметтің алдында екі жазу дәстүрі тұрды. Біреуі – өзі мектебінен өткен Ыбырайдың жазуы, екінші – ескіше араб жазуы. Соның бірін таңдау керек болды. Бірақ Ахмет екеуін де таңдаған жоқ. Ахмет жаңа жол тапты. Ахаң осы жазудың негізінде қазақтың ұлттық мектебінің негізін салды. Негізін салып қана қойған жоқ, Халық ағарту министрлігі, Академиялық орталықтың жетекшісі болып тұрғанында қазақтың тарихында тұңғыш рет бастауыш мектепті міндеттеді. Бастауыш мектептің міндетті болуы деген сөз – ұлттың тарихындағы үлкен секіріс. Ұлттық роман жазғаннан да, зауыт, қала салғаннан да үлкен нәрсе. Бұндай нәрсеге француздар 1860 жылдары жетіпті. Еуропаның көптеген халықтары тек II дүниежүзілік соғыстан кейін ғана жетті. Осы күнге дейін әлемнің ондаған елдерінде бастауыш білім беру міндетті емес. Тіпті АҚШ-та да міндетті емес. АҚШ-тың сауаттылық деңгейі 31-ші орында, Қазақстан 9-шы орында. Ахаң халқымыздың тарихында тұңғыш рет қазақ балаларының жаппай бастауыш білім алуына кеңінен жол ашты. Бұл – Ахаңның бізге ұстатқан орасан мәдениет қаруы. Біз мұны көбіне ескермей жүрміз.

Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиі және тілге арналған еңбектерінің барлығы – нағыз реформаторлық жұмыстар. Алаш қозғалысы арқылы сенімді серіктермен бірге қазақ жұртына саяси-қоғамдық реформа жасауға талпынды. Ахмет – саяси реформаман бірге, сана реформасын да жасаған адам. Ахмет қазаққа бұлайша өмір сүруге болмайтынын, бұлайша өмір сүру мүмкін емесін айтумен болды және сол үшін мәдени күреске шықты. Ол тек отаршылықпен ғана күрескен жоқ, туған халқының талапсыздығымен, бей-жайлығымен күресті. Мұндай қасиеттердің бәрі отар елдерде болады, азаттығы жоқ елдерде әртүрлі ұсақ нәрселер көп болады. Азаттығы болмаса, адам да, халық та, мемлекет те ұсақталады. Міне, Ахаң сондай кезеңге тап келді. «Адамдық диханшысы қырға шықтым, ...Тұкымын адамдықтың шаштым, ектім, Көңілін көгертуге құл халықтың», – дейді. Бұл – ауыр сөз. Бірақ Ахметтің басқа амалы болмады. Өйткені, «Айналайын, сен бүйте ғой, сен өйте ғой» дейтін заман емес еді. Заман қатқыл. Қатқыл заманда қатқыл сөйлеу керек болды. Жалпы, әлем тарихында санаулы тұлғалардың ғана қайраты мен жігері біліммен тең түскен. Бәріміз білеміз, білгішпіз. Бірақ қайрат пен жігер жетіспейді. Қазір бәріміз оқу жағынан Абай заманынан да, Ахмет заманынан да ілгеріміз. Бірақ білім қорымыз көп болғанымен, ұлт үшін жұмсайтын әрекетіміз аз. Сондықтан да Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» дейді. Мінездің тірегі – қайрат пен жігер. Осылардың артында «намыс» деген үлкен сөз тұрады. Қайратты, жігерлі адам ғана намысшы. Ахаңның табиғи дарыны, білімі және намысы ұлтқа деген зор махаббатпен суарылды. Біздің ойымызша, ұлтына шексіз қызмет істеген Ахмет Байтұрсынұлының ұлы болмысының да сыры осында.

Ербол ТІЛЕШОВ,

Ш.Шаяхметов атындағы

«Тіл-Қазына» ҰҒП орталығының бас директоры.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

ҰЛТ БОЛЫП ТҮРУДЫ ТІЛЕСЕК...

Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын ойлау керек.

Ахмет БАЙТҮРСЫНҰЛЫ.

(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).

ДҮЙСЕНБІ
19 ЖЕЛТОҚСАН

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия. Каз/рус
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 99 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб. «Лестница в небеса» 28-29 серия
18.00 Қош келдіңіз!
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 100 серия
21.00 Телехикая. «Кейкі мерген» 1 серия
22.00 Мужское кино
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.00 Шешімі бар
1.50 Өмір иірімі
2.30 Дала сазы
3.10 Алматинские истории
3.35 Алматинские каникулы
3.50 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Ақжауын». Телехикая. (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен...»
15.00 ФУТБОЛ. Әлем чемпионаты. FIFA QATAR 2022. ФИНАЛ. (қайталау)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «АҚЖАУЫН». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 «Сана» Ток-шоуы
1.35 AQPAPAT
2.05 «Өмір көркем»
2.55 «Ауылдастар»
3.25 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 «Қызық times»
6.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
7.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 «Бір кітап»
10.35 Мультфильм. «Монстр в Париже»
12.00 Телехикая. «Мелек»

14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Иностранец»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Мелек»
22.00 Телехикая. «Біз»
23.00 Телесериал. «Бабочки и Птицы»
1.00 ҚР Әнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 «Күліп ALL»
08.00 Ризамын
09.00 Т/сериал «Повелитель солнца»
10.30 «31 әзіл»
11.30 Мультсериал «Маша и медведь»
13.10 Анимационный фильм «Семейка Адамс» (повтор)
15.10 КИНО. Том Хэнкс в триллере «Инферно» (повтор)
18.00 КИНО. Жан-Клод Ван Дамм в боевике «Универсальный солдат»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
22.50 КИНО. Джет Ли в боевике «Дэнни цепной пес»
01.00 Үнді сериалы «Ануама»
01.40 Сериал «Врач»
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «СОЛЕННЫЙ ПОЦЕЛУЙ». Многосерийный фильм
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Олег Андреев, Михаил Лучко в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 16»
0.20 Ночной кинотеатр. «ЖЕНСКОЕ ДЕЛО»
2.10 «НОВОСТИ»
2.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.35 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 4.40



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.20 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10 Т/х «Тек қана қыздар»

08.10 Jaidarman
09.00 Х/с «Трюфельный пес королевы Джованны»
12.50 Т/п «Келесі кім?»
13.20 Т/х «Мезгілсіз сезім»
14.15 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.10 Т/х «Саған сенемін»
16.10 Х/с «Психологини»
17.20 Х/с «Доктор Надежда»
18.30 Aibat
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Алтарь Тристана»
21.30 Т/х «Саған сенемін»
22.25 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.20 Х/с «Психологини»
00.20 Jaidarman
01.20 Т/х «Тек қана қыздар»
02.10 Т/х «Япырай»
03.00 Т/п «Тамаша 7 км»
04.50 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «KTK» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.30 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
08.15 «ПОЧТИ ВСЯ ПРАВДА», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
12.00 «УСПЕТЬ ВСЕ ИСПРАВИТЬ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
16.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.30 «ЗӘКИРА». Тұсаукесер! С субтитрами на русском (док.драма)
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ГАДАЛКА», детективная мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40 «СПЕЦНАЗ», остросюжетный боевик. Премьера! (худ.сериал)
01.20 «БЫЛО ДЕЛО»
02.00 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском (қайталау)
02.45 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
04.00-
04.30 «KTK» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ТЕННИС. Кубок Дэвиса. Финал
09.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
09.30 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Үшінші орын үшін матч
11.50 «АЛАМАН». 9 бағдарлама
12.15 ТАЕКВОНДО. Гран При.
16.05 Арнайы репортаж
16.15 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Финал
18.35 «Дара тұлға». Деректі фильм
19.05 FIFA QATAR 2022. Финал матчының шолуы

19.20 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
20.00 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. Гран-При. Парные катания. Короткая программа
21.00 ДЮДО. Masters. Иерусалим. Тікелей эфир
21.50 ХОККЕЙ. КХЛ. «Нефтехимик» (Нижнекамск) – «Барыс» (Астана). Прямой эфир
00.30 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
01.20 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
7.15 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
7.45 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
8.10 Тұсаукесер! «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
8.15 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
8.40 «100% ҚАСҚЫР» Мультхикая.
9.05 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
9.35 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.50 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
10.00 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
10.25 «Адал достар» Мультхикая.
10.50 «Турбозаврлар» Мультхикая.
11.05 «Күмбір live» танымдық бағдарлама.
11.15 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
11.40 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
12.10 Тұсаукесер! «Аға болғым келеді» ситком.
12.25 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
12.40 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
12.45 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
14.00 «Үйрен де, жирен!» танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
14.40 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
14.50 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
15.25 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.40 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
16.05 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
16.30 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
17.05 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
17.30 Жаңа маусым «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.50 Анимация. Отандық / «Ертемір»
18.10 Тұсаукесер! «Аға болғым келеді» ситком.

18.25 «Адал достар» Мультхикая.
18.50 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
19.15 «Турбозаврлар» Мультхикая.
19.30 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
19.40 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
20.05 «100% ҚАСҚЫР» Мультхикая.
20.35 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
21.00 «Тентек» ситком.
21.35 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
21.55 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
22.10 Анимация. «Сарбаздар»
22.25 Жаңа маусым! «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.40 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
23.05 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Көңілді көліктер»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
11.45 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
13.30 «Время действий» Ток шоу
14.40 «Окно жизни» телесериал
17.00 «Сырты бүтін»
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.00 «Громы. Дом надежды» сериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
00.20 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
01.40 «Громы. Дом надежды» сериал
02.40 «Мариям» телехикаясы



TALIMTV

07.00 Views
08.10 Қышқыл-мысқыл
09.00 Семейный доктор
09.30 Проза параграф
09.50 Саулықтың сыры
10.10 Қалақай
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-3» – телехикая
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Ой-талқы
18.00 Dara til
18.20 Оңline
18.30 «Балалар сөзі – өсиет»
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Trend
19.35 Әжемнің әңгімесі
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 «Үлкен үй-3» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Менің Анам Әкем
23.00 Views

СЕЙСЕНБІ
20 ЖЕЛТОҚСАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студио. Каз/рус
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 100 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский киноклуб
18.00 Қош келдіңіз!
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 101 серия
			001	Жергілікті деңгейде экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	369 438,0
			004	Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар	3 613 922,0
			005	Экожүйе объектілерін дамыту	1 317 762,0
			006	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау	532 111,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	141 320,0
		351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	320 148,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	296 040,0
			003	Жер қатынастарын реттеу	16 737,0
			008	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 371,0
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	6 678 799,0
		319		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы	2 739 045,0
			001	Жергілікті деңгейде сәулет және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	517 455,0
			002	Елдімекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу	2 221 590,0
		324		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы	394 408,0
			001	Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	359 314,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	35 094,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	3 545 346,0
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 536 846,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 500,0
12				Көлік және коммуникация	112 950 381,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	45 443 732,0
			007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	25 202 678,0
			016	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	20 241 054,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	67 506 649,0
			001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	914 420,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 519,0
			008	Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау	7 482 031,0
			009	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	50 406 900,0
			011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	2 584 379,0
		032		Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	6 110 400,0

13				Басқалар	55 720 459,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	131 791,0
			040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктардың инфрақұрылымын дамыту	131 791,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	9 254 599,0
			005	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	1 664 271,0
			007	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру	2 416 600,0
			017	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	4 756 083,0
			018	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	372 645,0
			082	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	45 000,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	51 239,0
			020	Бизнестің жол картасы–2025 бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	51 239,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	720 837,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	720 837,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	2 685 175,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 685 175,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	1 232 862,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 232 862,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	2 988 151,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 356 902,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 360,0
			004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	617 889,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	22 649 200,0
			013	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві	22 649 200,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	4 998 288,0
			031	Әкімшілік ғимараттар кешенін салу	4 328 295,0
			048	Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту	669 993,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	8 902 013,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	8 902 013,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	2 106 304,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 106 304,0
14				Борышқа қызмет көрсету	7 963 991,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	7 963 991,0
			005	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	7 959 999,0
			018	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	3 992,0
15				Трансферттер	239 652 893,9
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	239 652 893,9
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1 490 196,5
			007	Бюджеттік алып қоюлар	211 516 094,0
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	18 920 906,0
			052	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару	455 000,0
			053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	7 270 697,4
				III. Таза бюджеттік кредит беру	20 669 679,0
				Бюджеттік кредиттері	22 670 536,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	18 670 536,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	18 670 536,0
			012	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру	18 670 536,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	4 000 000,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	4 000 000,0
			048	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру	4 000 000,0
05				Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 000 857,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1 996 806,0
		06		Қарыз алушы банктерге жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	1 996 806,0
		2		Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	4 051,0
		02		Жергілікті бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	4 051,0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	115 477 768,0
				Қаржы активтерін сатып алу	115 907 768,0
12				Көлік және коммуникация	5 826 433,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	5 826 433,0
			019	Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту	5 826 433,0
13				Басқалар	110 081 335,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	30 194 341,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	30 194 341,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	67 690 277,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	67 690 277,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	4 758 491,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	4 758 491,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	7 438 226,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	7 438 226,0
06				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	430 000,0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	430 000,0
			05	Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер	430 000,0
				V. Бюджеттік дефицит	-40 134 396,2
				VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру	40 134 396,2



ӨНДІРІС



Қазір – ең көңілді қысқы мерекелердің уақыты. Осындай әдемі мейрамдарды нағыз шампан мен дәмі тіл үйіретін шарапсыз елестету мүмкін емес. Сусындарды таңдауда қателеспеудің жолын Winnac Elite шарап-коньяк зауытының бас директоры Артуш Карапетян өте жақсы біледі. Мұнда тамаша сусындардың өндіріс барысы жүзімді өсіруден бастап, сапалы шарап бокалға құйылғанға дейін ерекше бақыланады.



СУСЫНДАР ӨНДІРІСІНІҢ МАЭСТРОСЫ

КЛАССИКАЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Сусын жасаушының кәсібі қашан да құпияға толы: жүзімнің жұпар иісті ғажап сусынға айналуы, коньяктарды сақтайтын қараңғылау орын, еменнен жасалған бөшкелер, бәрі-бәрі жұмбағы мол ертегідей. Шарапты кім жасайды, бүгінгінің алхимиктері ме?

Қазақстандық және неміс мамандары бірлесіп құрған «Winnac Elite» ЖШС республика бойынша өзінің шикізат базасы бар жалғыз кәсіпорын және мұнда табиғи жоғары сапалы өнімдер шығарылады. Сусындар жасауда кәсіпорын ешқандай «химияны» қоспай, тек классикалық технологияларды қолданады.

Кәсіпорынды Қазақстанның шарап өндірушілер одағының президенті, Халықаралық жүзім және шарап жасау академиясының академигі Артуш Карапетян басқарады. Ол өз атасы мен әкесінің отбасылық кәсібін жалғастырып, Қазақстандағы ең үздік деген инновациялық өндірісті іске қосты.

Түркістан облысы, Батыс Тянь-Шань тау бөктеріндегі жүзім алқаптары әр күз сайын үйіп-төгіп өнім береді. «Каберне», «алиготе», «фрислинг», «ркацетели» секілді жүзім сорттары Қазақстанның жер жағдайына Кеңес заманында-ақ бейімделген.

Артуш Карапетянның әкесі Қазақстанға 1937 жылы жер аударылған. Сол кезде ол өзімен бірге республикаға алғаш рет жүзім ала келген екен. Араға бірнеше жыл салып, бұл отбасының тәп-тәуір жүзім бағы болды. Олар шарап пен чача (жүзім арағы) жасап, сатып, үлкен үй салады.

– Біздің үйдің жертөлесі кішігірім зертхана болатын, бала күнімде мен сол жерде шараптың қалай жасалатынын бақылағанды жақсы көруші едім. Кейіннен, кеңес заманында сусындар өндірісінде жұмыс істеп жүріп, әкемнің кәсібін жалғастыруды армандайтынмын. Бүгінде біз өндіретін чача атамыз Карапетянның эксклюзив рецептісімен әзірленеді және оның Месроп деген есімі осы сусынға берілген, – дейді Артуш Карапетян.

ШЫНАЙЫ ӨНЕР

Біздің кәсіпорынның бас технологі Наталья Каминская қарсы алды. Ол өзінің жұмысы туралы айта бастағанда-ақ дауысынан өз ісіне деген ерекше махаббат пен құмарлық сезілді. Оның айтуынша, қазіргі заманғы жабдықтар мен өндіріс технологиясына қарамастан, өндіріс барысының қандай нәтиже беретінін ешқашан алдын ала болжау мүмкін емес.

Winnac Elite сусындарын Алматыда тек фирмалық дүкендерден алуға болады. Дүкендер мына мекенжайлар бойынша орналасқан:

- Райымбек даңғылы, 509/1 (Момышұлы көшесі мен Яссауи көшесі арасында) – Winnac elite зауытында;
- Гоголь көшесі, 2, «Карапетян» сауда үйі (Орталық мәдениет және демалыс саябағының ауданы);
- Гоголь көшесі, 192, «Хош иісті Әлем» дүкені;
- «Мамыр-1» шағынауданы, 21/2 үй, «Хош иісті Әлем» дүкені;
- Ақан сері көшесі, 17, «Ақ Жол» супермаркеті;
- «Сабыржан» дүкендер желісі;
- Қабанбай батыр көшесі, 112, н.п. 23, винотека Divino.

Сонымен қатар, өндіруші зауыттың сертификатталған өнімдері интернет-дүкенде ұсынылған «winnac-market.kz» және Instagram-да: win-nacelite.

«Шарап жасау да үлкен өнер деп бекер айтылмаған. Біз үшін әр кезде нәтиже ерекше және таңқаларлық болып шығады, әрі біз әрдайым ізденіп, үнемі әлемдегі шарап жасаушылардың тәжірибесін бақылап отырамыз», – дейді технолог.

– Чача – кавказ халқының ұлттық сусыны. «Winnac Elite» зауытында бұл сусын өзге елдердегідей емес, мүлде басқа технологиямен дайындалады. Оның негізі – шарап.

Барлық чачалар әдетте жүзім қалдықтарын сығымдау арқылы жасалады. Біз сусынды сығынды мен шарап қосып жасаймыз. Осы күйде ашытамыз, шайқаймыз. Жүзім екі кезең бойынша ашытылғаннан кейін одан чача мен спирттер жасаймыз. Өндірістің мұндай әдісін қолданған кезде жүзімнің құрамындағы барлық пайдалы ферменттер сусынның құрамында қалады. Жүзімнің қабығын, сығындысын, ақуызды, бәрін қосып спиртті ашытқанда жүзімнің хош иісі сақталады, – деп құпиясымен бөлісті Наталья Каминская.

Алынған спиртке жүзім дәнегінің дәмі де сезіледі. Бұл да сусынға қосымша хош иіс береді. Ал алкоголь құрамындағы майлар мен формальдегидтер сусынды жұмсартып, дәнектің дәмін аса сездірмейді.

Осыдан кейін сусынды сақтау кезеңі басталады. Чача емен бөшкелерде сақталады, сақталу мерзімі сусынның қаншалықты күштілігіне байланысты, 45 градустық жарты жыл, 50 градустық алкоголь бір жыл сақталады. Өлбетте әр чачаның дәмінде де, түсінде де айырмашылық болады. Емен бөшкесі сусынға тонин, лингвин экстракттарын қосады. Емен бөшкесінің құрамындағы заттар чачаға коньяктың ерекше дәмін келтіреді.

– Ақ және қызыл түсті вино әртүрлі температурада ашытылады, – деп жалғастырды.

тырды әңгімесін технолог. – Шараптың дәмін терең, хош иісті, бай әрі экстрактивті, барқыт тәріздес ету үшін ақ шарапты ашыту температурасын 17 градусқа дейін төмендетеміз. Қызыл шараптар 20 градустан аспайтын температурада ашытылады. Кейбір шараптар екі апта көлемінде ашиды, сондықтан дәмі қышқылданып кетпес үшін үнемі дәмін қадағалап тұрамыз, – дейді ол.

Наталья Каминскаяның айтуынша, шарапты жылдамдатылған технологиямен де әзірлеуге болады, бірақ бұл сусынның сапасына кері әсер етеді. Сондықтан шарап әзірлеуде әр кезең өз уақытымен, өз кезегімен жүріп, процесс өздігімен аяқталуы тиіс. Шараптың табиғи жасалу барысына көп араласқан сайын, сусын өзінің дәмін, қасиетін жоғалтады.

Ашыту кезеңі аяқталғаннан кейін шарап бір айдай демалады, тұндырылады. Содан кейін шарап басқа ыдысқа құйылады, ал түбіндегі тұнбасы сығымдалады. Сәуір айына қарай шарап жасаудың барлық кезеңі аяқталады. Ал дайын шарап арнайы ыдыстарға құйылып, сақталуға жіберіледі.

Кейбір шараптар ыдысқа құйылмас бұрын түрлі партияларда шығарылған, әртүрлі жүзім сорттарынан жасалған шараптармен араластырылады. Әу баста әртүрлі жүзімнің сорттары бөлек өңделеді, бірақ шараптардың әрқайсысының пісіп-жетілетін уақыты әртүрлі, содан кейін бәрі дайын болғанда, олар араластырылып, сақтауға жіберіледі.

ЭЛИТАЛЫ КӨЗҚАРАС

Winnac Elite өнімдері бірнеше рет халықаралық беделді байқауларда марапаттарға ие болды. Мысалы, шарап өндірісіндегі ең беделді деген Ялтадағы шарап жасау курсына үлкен марапатты иеленді.

Winnac Elite сусындары әр жылдары 20-дан астам марапаттарды еншілеп, соның ішінде тоғыз алтын және бес күміс медальға ие болған.

– Біз үшін шығаратын өнімдеріміздің көлемі емес, сапасы маңызды. Жүзімді өсіруден бастап шарап бокалға құйылғанша біздің кәсіпорын циклімен жұмыс істейді, – дейді шарап өндіруші. – Біз өндірісті екі, үш жұлдызды коньяктар өндірумен бастағанбыз, бірақ нарықта өзімізді жоғалтып ала жаздадық, – дейді Артуш Карапетян. – Коньяк сегментінде дүкен сөрелеріндегі негізгі масса – суррогат өнімдер. Бұл дегеніміз, хош иістендіргіштер мен бояу қоспалар, концентраттар. Мен керемет жүзімнің спиртің қор қылып жатқанымызды сездім, өйткені бағаны қанша төмендетсек те, ондай бәсекелестермен тайталасудың мәні жоқ. Коньяк спиртінің толық циклдық өндірісі және жүзім өсіруден бастап шыны бөтелкеге шарапты құюға дейінгі толық процесс біздің Қазақстанда тұрмақ, ТМД елдері бойынша ешқайда жоқ.

Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан жүзімді өңдеу зауыты 30 жылға жуық уақыт бойы Карапетянмен ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді. Кәсіпорын француз жобасы бойынша салынған, бар-жоғы үш адамның күшімен жұмыс істейтін итальяндық және немістің жоғары сапалы механизмдерімен жабдықталған.

– Бұл зауытта жүзімді жаңа технологиямен өңдейтін аппарат орнатылды. Ол жүзімді де, оның дәнегін де ұнтақтамайды, оны жаншылап, жидектерден шырынды сығып алады. Инновациялық жабдықтар мен жоғары кәсіби мамандардың арқасында біз жоғары сапалы, табиғи шарап өндіреміз. Мұндай шикізатпен нашар шарап жасаудың өзі күнә, – дейді шарап жасаудың маэстрасы.

Сонымен қатар, кәсіпорында шампан, шарап, коньяк және чачаны құю желілері автоматтандырылған.

– Бізде шараптың 18 түрі, шампанның 5 түрі, коньяктың 8 түрі және жүзім арағының 3 түрі шығарылады, – дейді Артуш Карапетян. – Бізде бес жылдан он жылға дейін сақталатын маркалы коньяктардың ассортименті бар. Олардың кәдесыйлық орамының дизайнын жасауға, және сақталу мерзімі әртүрлі «Карапетян», «Менің Қазақстаным», «Eurasia», «Astana», «Kazakh Khanate» секілді маркалы коньяк брендтерінің дизайнын жасауға біздің неміс әріптестеріміз көмектескенін зор мақтанышпен айта аламыз.

Айта кеткен жөн, Алматыда өндірілетін маркалы коньяктар ЕХРО–2017 көрмесі өткен кезде үлкен сұранысқа ие болған.

Бүгінде Артуш Месроповичтің немересі Ерем отбасылық кәсіпті игеруге ниетті. Жас жігіт аталарының жетістіктеріне ғана сүйеніп қоймай, өздігімен ізденіп, Еуропаның ең жақсы шараптар мен коньяктар шығаратын зауыттарының принципі бойынша жұмыс істеп, сапалы, табиғи, элиталық сусын дайындау дәстүрін жалғастыруды көздеп отыр.

Отбасылық кәсіптің басшысы зауыт жертөлесін ғажап мұражайға айналдырған. Бұған туристер аса қызығушылық танытатын көрінеді. Мұнда Winnac Elite өнімдерінен бөлек, өзге елдің арақ-шараптары, дегустация жасайтын ағаш үстел қойылған. Қабырғаларының бәрі шарапқа қатысты картиналармен безендірілген.

– Әр шарап өндірушінің өз құпиясы болады, ол өзінің сүйікті ісіне жанын, жүрегін, махаббатын салады. Кез келген сусынның композициясын көшіріп алуға болады, бірақ толық қайталау мүмкін емес, соңғы аккордында оған тән нәзіктік, ерекшелік, сүйкімділік болмайды, – дейді кәсіпкер.

Winnac Elite өнімдерінің барлығында Артуш Карапетянның қолтаңбасы бар. – Мен ешқашан өз беделімді жалған өнім сатып тапқан жеңіл табысқа айырбастамаймын. Егер мен қолымды қойып, мөрімді бассам, сол өнім үшін жауаптымын. Мен өз жүзім алқаптарымызды, жүзімді өңдеу зауыттарын сақтап қалғанымызды, қазақстандықтарға сапалы өнім ұсына алатынымды мақтан тұтамын, – дейді Артуш Карапетян.

**Бақыт СӘРСЕМБАЕВА.
Аударған Айнұр СЕНБАЕВА.
Суреттерді түсірген
Самат ҚҰСАЙЫНОВ.**



ХАБАРЛАНДЫРУ


Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының хабарламасы

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы, 2023 жылғы 14 қаңтарға тағайындалған сайлауында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 73-бабы 6-тармағының 2-тармақшасына сәйкес Алматы қаласынан кандидаттар болып тіркелгенің хабарлайды:

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, кім ұсынды
Бекмурзаева Кристина Юрьевна	1991	«Youthart» КҚ директоры, Алматы қаласы, өзін өзі ұсыну тәртібімен
Аканова Асия Айкановна	1987	Алматы қаласы мәслихатының тұрақты комиссиясының төрағасы, Алматы қаласы, өзін өзі ұсыну тәртібімен
Жаниязова Жаркын Лепесовна	1967	«Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжі» МКҚК директоры, Алматы қаласы, өзін өзі ұсыну тәртібімен
Кокобаева Гульнара Ахметжановна	1974	Алматы қаласы Жетісу ауданының әкімі, «Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, өзін өзі ұсыну тәртібімен
Асанова Жанна Бейсентаевна	1975	Басқарма төрағасының кеңесшісі, «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы, Алматы қаласы, өзін өзі ұсыну тәртібімен

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы

ЕҢБЕК ШАРТЫНЫҢ ЖАСАЛУЫ



Әлия Сержанқызы БЕКБАТЫРОВА,
Мемлекеттік еңбек инспекторы

Алматы Қазақстан Республикасының экономикалық астанасы болып табылады. Осыған байланысты қала аумағында түрлі саладағы көптеген кәсіпорындар орналасқан. Еңбек қатынастары саласындағы өзекті мәселелердің бірі жұмыс берушінің қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде еңбек шартын жасаспауы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 36-тармақшасының 1-тармағына сәйкес, еңбек шарты – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес жұмыскер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіп-месін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақытылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді.

Еңбек шарты жазбаша нысанда кемінде екі данада жасалады және оған тараптар қол қояды. Еңбек шартының бір-бір данасы қызметкерде және жұмыс берушіде сақталады.

Кодекстің 33-бабына сәйкес, еңбек шартын жасасу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жүргізілуі мүмкін.

Кодекстің 23-бабының 2-тармағының 27-тармақшасына сәйкес, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, осы Кодекстің 28-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтер қамтылған, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі – ЕШЕБЖ) жұмыс беруші енгізуге міндетті.

ЕШЕБЖ-де еңбек шарты туралы мәліметтерді беру және алу тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі №353 бұйрығымен бекітілген «еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді беру және алу Ережелерімен» реттеледі.

Мәліметтерді енгізу «**Электрондық еңбек биржасы**» порталында жүзеге асырылады (**enbek.kz**).

Еңбек қатынастарын ресімдемей еңбек қызметін жүзеге асырған қызметкер көбінесе ұйымдағы жұмыс фактісін дәлелдей алмайды. Сонымен қатар, мұндай қызметкерлер жұмысқа орналасу кезінде жұмыс берушімен ауызша келісілген жалақы мөлшерін дәлелдей алмайды.

Сондықтан жұмысқа орналасу кезінде қызметкер жұмыс берушіден еңбек шартын жасасуды талап етуі керек, өйткені ол жұмыс беруші еңбек заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда еңбек құқықтарын қорғауға кепілдік береді.

Қызметкер еңбек шартын жасаспай еңбек қызметін жүзеге асыруға жіберілген жағдайда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес жауапты болады.

Осыған байланысты Алматы қаласы Еңбек инспекциясы басқармасы еңбек қатынастары тараптарын еңбек заңнамасының талаптарын сақтауға, еңбек шартын жасасуға шақырады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Алматы қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 09.12.2022 ж. ұйғарымымен «Ланди» ЖШС БСН 190740001179 бойынша банкроттық туралы іс қозғалды.

Газетіміздің келесі саны 20 желтоқсан, сейсенбі күні шығады.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВҚабылдау бөлмесі:
232-36-61.Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕКЖауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВЖаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВАШаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-
шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫБас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ruЖарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@
vecher.kzТарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ruШығармашылық даму
жөніндегі кеңесКеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВКеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВГазетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Казпочта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңызРеспубликаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
**Апталық
таралымы – 18 663**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІРГазет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.



ОЛИМПИАДА

Тәуелсіз Қазақстан еліне елеулі, батыр ұл-қыздарын әркез дәріптеп, құрмет те көрсетіп келеді. Еліміздің ең алғашқы Қазақстанның Еңбек Ері атағы байырғы ұстаз, ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа тәрбие беріп, білім нәрімен сусындатқан Аягүл Миразоваға бұйырған болатын.

Рая
ЕСКЕНДІР

Тәуелсіздік күні қарсаңында Алматыда қалалық Білім басқармасы мен «Алматы дарыны» орталығының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында тұңғыш рет Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендерінің иегері, Алматы қаласының Құрметті азаматы Аягүл Миразова атындағы математика пәні бойынша қалалық олимпиада өткен еді.

Аталмыш олимпиадаға қала мектептерінен бес мыңға жуық оқушы қатысып, олардың тек мыңға жуығы ғана іріктеу кезеңіне өтті.

Осынау «ғылымның патшасы атанған» математика іліміне негізінен екіншісі бірі тісі батып бара бермесі анық. Соған қарамастан, бес мың оқушының тәуекелге бел бууының өзі үлкен жеңіс емес пе? Десек те, кезінде қазақтың тұңғыш математигі О.Жәутіков «қазақтан мықты математик халықты көрмедім» деп бағасын беріп кеткені және бар. Осыдан кейін көреген ғұламаны көріпкел демеске тағы да лажымыз жоқ. Електен өткен кіл мықтылардың арасынан қалалық кезеңге 117 оқушы жолдама алып, жарыстың көрігін қыздыра түсті.



Олимпиадаға қатысқан оқушылардың айтуынша, берілген тапсырмалар өте күрделі әрі қызықты болған көрінеді. «Алғашында есептер оңай сияқты көрінгенімен, енді шешуін таптық-ау дегенде, күрмеуі күрделене түседі», – дейді қатысушылар. Сонымен, олимпиаданың шын жүйріктері бәйге көмбесіне жетіп, есімдері белгілі болды.

Алғашқы сөз кезегін қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Жанат Жеңісбекқызы алып, жеңіске жеткен жеңімпаздарды құттықтады.

– Осынау білім бәйгесіне қатысқан оқушылардың

жеңіске деген ұмтылысы, тынымсыз ізденісі, терең білімге қызығушылығы бізді тәнті етті. Әрине, жарыстың тапсырмалары оңай болған жоқ. Оны құрастырғандардың да осалы жоқ, шетінен мықты математиктер. Әділқазылар алқасына төрағалық еткен Мәскеу университетінің профессоры біздің ортамызда отыр, – дей келе, байқау жеңімпаздарын бағалы сыйлықтармен марапаттады. Жеңімпаздарға қалалық Білім басқармасының Құрмет грамоталары мен смарт-сағаттар табыс етілді.

Келесі кезекте олимпиаданың жеңімпаздары Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразованың арнайы сый-сияпатына ие болды. Білім бәсекесінің бірінші орны мен 200 000 теңгеге Алматы қаласы қыздар лицейінің оқушысы Нұрлайым Нағашыбек ие болды.

Екінші орын мен 100 000 теңге қаржылай сыйлыққа №39 лицей оқушысы Қуаныш Ерасыл, екінші дәрежелі орын мен 100 000 теңгеге №39 лицей оқушысы Ғалым Алпамыс ие болды. Үшінші орынға ие болған №38 лицей оқушысы Юлия Когай мен №39 лицей оқушысы Ақжол Орынбасарға 50 000 теңгеден тиді.

– Қала көлемінде сіздің атыңыздан олимпиада өткізсек деп айтып жүргендеріне біраз уақыт болып еді. Барлық ұйымдастырушыларға өз алғысымды білдіремін. Ол терең, нақты білімді қажет ететін ілім. Ұстаздардың берген білімін ұжастырып, осы бәйгеге келіп отырған барлық қатысушы оқушыларға ризашылығым шексіз. Жақында ғана республикалық ұстаздардың математика байқауы өтсе, міне, енді сол үрдісті оқушылар жалғастырып жатыр. Мен бақытты ұстазбын. Өзім 25 жыл басшы болған мектептің маған көрсетіп жатқан құрметіне ризамын, – деп атақты ұстаз Аягүл Төркеқызы ағынан жарылды.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



«Көк Туым, көкте желбіре!»

Ел Тәуелсіздігі күні қарсаңында және Балалар жылы аясында танымал спортшыларымыз Алматы қаласының тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған №2 мамандандырылған түзету мектеп-интернатында болып, «Көк Туым, көкте желбіре!» атты кездесу кешін өткізді.

Алдымен спортшылар мектеп-интернаттың ішін аралап, мемлекет тарапынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көрсетіліп жатқан қолдау мен жасалып жатқан игілікті істермен танысты. Олардың бос уақыттарында тиімді істермен айналысып, спортқа аса мән беретініне куә болды.

Сонымен, «Көк Туым, көкте желбіре!» атты кездесу кеші спортшылардың әлемдік додада жеңіске жеткен кездері бейнеленген кинороликтермен басталды. Көк Туымыздың желбіреп, Әнұранымыздың орындалған сәттерін көз алдынан өткізген оқушылардың бойында жеңіске ұмтылу, биікке талпыныс байқалғандай. Команданың жаттықтырушысы, еркін күрестен бірнеше мәрте Әлем чемпионы атанған Руслан Қыдырбаевтың әсерлі әңгімесін балалар зор ынтамен тыңдады.

– Спорттың ерекшелігі сол, тынымсыз еңбекті талап етеді. Алға ұмтылу керек. Ешқашан артқа қарап, аялдауға болмайды. Жеңіске жету үшін де жеңілістің дәмін

тату керек. Мен сендердің ерік-жігерлеріңе тәнті болып отырмын. Сендердің араларыңнан әлі талай чемпион шығатын болады, – деген Русланның сөзі балаларға үлкен қуат берді.

Бұл күні балалар еркін күрестен ел намысын қорғап жүрген спортшы аға-апаларының әңгімелерін тыңдап, ерекше әсерге бөленді. Олар нағыз спортшыларды көргендеріне қуанып, естелік суретке түсті. Еліміздің намысын қорғап жүрген танымал спортшылар – еркін күрестен Қазақстанның 4 дүркін чемпионы, Азия ойындарына қатысушы, Халықаралық турнир жеңімпазы Мейрамбек Қартбай, еркін күрестен Әлемнің екі дүркін чемпионы Асыл Айтақын, Азия чемпионы, Әлем чемпионатының қола жүлдегері Ерғали Әлішер мен еркін күрестен бірнеше дүркін Әлем чемпионы атанған ару қыздар Сейдеш Бақыт, Әсел Токтасын, Әйгерім Қабдоллаһның айтқан әңгімесінен балалар күш-қуат алып, бір серпіліп қалды.

Жалпы, аталмыш мектептің балалары мұнда тек білім алып қана қоймай, спортпен де жан-жақты айналысады. Оларға қазір Қазақстан футбол федерациясы қолдау көрсетіп отыр. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған №2 мамандандырылған түзету мектеп-интернаты директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Жанар Құтыққадамқызының айтуынша, қазіргі кезде бұл мекемеде 236 бала тәрбиеленіп жатыр. Олимпиада чемпиондарының қонаққа келуі мекеме балаларының әлеуметтік ортада өз орнын табуға септігін тигізеді анық.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«АЮЖАТҚАН» АМАЛЫ БАСТАЛДЫ

Ол осы айдың 25-іне дейін жалғасады

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Аюдың қысқы ұйқыға кеткеніне қаратылып айтылса керек. Амаз кезіндегі әдет-ғұрып: малшылар қыстауға көшуге даярланады.

Күні-түні жылқы күзеткен жылқышылар бай үйіне келіп, тамаққа тойып аттанатын болған. Сірне деген атаудың шығуы бай үйінен жейтін сол етті меңзесе керек. Амаз уақытындағы ауа райының ерекшелігі: қатты аяз болады.

Негізінде бұл амалдың «Сірне» деген де атауы бар. «Сірне» тағамның аты. Қазақ жылқышылары осы мезгілде бай үйінен сыбағалы асы «Сірне» жейтін болған. «Сірне» – бағланның, кепенің етін қазанға жілік-жілігімен қуырып даярлайтын қазақтың дәстүрлі асы. Ол көбінесе сыйлы қонақтарға арналып әзірленеді. Үйітілген бас-сирақ, ішек-қарын, мүшеленіп бұзылған еті түгел қазанға салынып, малдың өз іш майына және еттің өз сөліне бұқтырылып пісіріледі.

Малшыларға қыстаулыққа көшерде осы тағамды жеуге мүмкіндік туады. Күні-түні жылқы күзеткен жылқышылар амаз кезінде бай үйіне келіп, сол үйден «Сірнеге» әбден тойып алып аттанатын болған. Амаздың «Сірне» деп аталуына осы жағдай себеп болған көрінеді.

Пайымымызда жазғанымыздай, өткен аптада (8–15 желтоқсан аралығында) алматылықтар кәдімгідей бойы мұздап қыстың ызғарын сезе бастады. Бір күн қар, бір күн суық жел орын алды. Қалыңдығы 10–15 сантиметр ақ ұлпа қала көшелерін, ағаштарды түгел жауып, бүркеп тастады. Алдында жауған жаңбырмен араласып, соңы көк мұз бен ызғарға ұласты. Біраздан бері қар болмағандықтан әрі



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Бұлттың қимылына қарап жасалған жорамал:

- Бұлт ортасынан ыдыраса, ауаның райы бұзылады.
- Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы түзеледі.
- Бұлт көкжиектен будақ-будақ болып өркештене көтеріліп, іле-шала көрінбей кетсе, онда қатты жел тұрып, қақаған аяз болмақ.
- Бұлт өркештенген күйі көтеріле берсе, қалың қар жауатынының белгісі.

жылылыққа бойы үйреніп қалған қала тұрғындарын сол ызғар бұрсең қаққызды.

Аптаның соңында күн барынша қысқарады. Мұны күннің тоқырауы дейді. Бұл күн мен түннің бір жыл ішіндегі төртінші мәрте тоқырауы. Ежелгі қазақтар, олардан да бұрынғы қыпшақ, түркі бабаларымыз күннің ұзарғанына қуанған. «Өрісіміз кеңейді, мал далада ұзақ жайылатын болады» деп мәресіре болған. Алтайлықтар желтоқсанның 25-ін «Күн Түнді жеңді!» деп мерекелеген. Кейінгі деректерде қыпшақтардың бұл күнді шырша мерекесі ретінде тойлағаны жазылып жүр... Қалай болғанда да, бүгінгі еуропалықтар тойлап жүр-

ген Жаңа жылдың негізі сол қыпшақтардың шырша мерекесінде жатқанына еш шүбә келтіруге болмайды. Тарихи, жазба айғақтар өте көп.

Бүгін григорианша желтоқсанның 15-і, ай күнтізбесі бойынша 21-і, қазақы есепке сүйенсек, желтоқсанның 2-сі.

Алдағы аптада еліміздің көптеген аймақтарында қарлы боран, ызғырық аяз көрініс береді. Жұлдыздардың айтуына қарағанда, 15–22 желтоқсанда Алматыда айтарлықтай жауын-шашын болмауы мүмкін. Алайда, аспан ашық болғанымен есесіне күн суытады. Бұл көрініс, әсіресе, түнде және таң алдында айқын байқалады.